АҚМЕШІТ жастары

Қызылорда облыстық жастар газеті

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

№ 49 (534)
7 желтоқсан, 2023 жыл

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан

Әнұранды шырқамай, көңілім жай таппады

Таяуда Моңғолияның Баян-Өлгей қаласында өткен ақын-жазушы, белгілі қоғам қайраткері Мұрат Пұшатайұлының 70 жас мерейтойына арналған «Бай өлкем – бай бесігім» атты халықаралық ақындар айтысында жерлесіміз Мөлдір Айтбай бас бәйгені қанжығасына байлады. Сұлу сөзден жыр кестелеген додада аламанның алдын берме-ген арумен сұхбаттасудың сәті түскен еді.

– Баян-Өлгейден шалқар шабытпен қанжығаңыз майланып келіпті. Әңгіменің әлқиссасын осы айтыстан бастасақ. Қалай болды? Кімдер қатысты?

– Айтыс өте тартысты өтті. Күздің соңғы күндерінде Баян-Өлгийдің аспанын жырмен әуелеттік. Бұл айтыстың бірнеше ерекшелігі бар. Ең әуелгісі туған күнімде, 26 қарашада болды. Айтыс басталатын кезде Моңғолияның әнұранымен басталды. Ондай нәрсені бұрын-соңды көрмегенмін. Қазақтың ұлттық киімі мен үкілі домбыраны ұстап отырып, өзге елдің әнұранын тыңдап отыру деген енді... Оны сөзбен айтып жеткізе алмайсыз. Төрт мемлекеттің туы тұрған соң, төрт елдің әнұраны қатар шырқалады деп ойлаған едім, қателесіппін. Олай болмады. Солай айтыс басталды, әуелі жергілікті ақын Ақтілеу Кеңшілікпен айтыстым. Сонан соң алматылық Шұғаев Сезімханмен сайысқа түстік. Финалда мен сөз соңын әнұранмен аяқтадым. Олай етпеске болмады. Сол жерде жүрегі қазақ деп соққан қанша жанның еңсесі көтерілді, мақтанышы оянды. Бір ауыз әнұран туралы әдепкі жайды айтып өттім де «Сіздерге азаттықтың таңы атқандай етіп, мен бір әнұранның әніне салып айтайын» дедім де әуелете жөнелдім. Халықтың ыстық ықыласы шабыттандырды. Осылайша әрі туған күнім, әрі бас бәйгем қуаныш сыйлағаны былай тұрсын, атажұртты аңсаған, қазақылықты сағынған бір қауым елді көріп, Отан деген төрт әріптен құралған ұлы сөздің қадір-қасиетін тағы бір түсініп келдім.

– Өзге елге барып, ұлттық өнерді айшықтау – үлкен жауапкершілік. Әнұранды әуелеткендегі сезім қалай болды?

– Бұған дейін алыс-жақын елдерге көп бармайтынмын. Бірақ енді түбі бір түркіміз ғой, өзіміздің салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тілімізге, ділімізге жақын елдер. Ал Баян-Өлгей – сан ғасырлар бойы қазақтар қоныстанған жер. Халықтың 95 проценті – қазақ. Қалған көлемі кейіннен көшіп келген моңғолдар. Қанша жерден қазақтар тұрғанмен Моңғолия мемлекетінің шекарасында тұр. Бәрібір, ауыр екен. Тәуелсіз еліміздің төсінде, көк тудың астында, қалың қазақтың ортасында өмір сүріп жүрген біз бақытты екенбіз. Бұл айтыста мен өнердің алдындағы жауапкершіліктен гөрі Отан алдындағы жауапкершілікті қатты сезіндім. Халық өте ыстық қабылдады, тоқтамай қол созып, қошемет көрсетіп, ерекше көңіл аударды. Оның үстіне әнұранды әнге салып айтқаннан кейін мені әлеуметтік желіден тауып, жазып жатқандар көп. Ақжолтай тілегін жаудырып жатыр әлі. Иә, қазақ қай жерде де қазақ. Біздің ұлттың рухы биік. Ол – дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома.

– Алда қандай жоспар бар? Айтыскер ақын Мөлдір Айтбайдан қандай жақсы жаңалықтар күтейік?

– Бұған дейін 2015 жылы «Мөлдір өлең», 2017 жылы «Сыйлық» атты кітаптарым жарық көрді. Байқап отырсам, арада біраз үзіліс болыпты. Көптеген өлеңдерім жиналып қалды. Алла амандық берсе, алдағы көктемде үшінші кітабымды жарыққа шығарғым келіп отыр. Әрі бұл кітаптың тұсаукесері ретінде тәуелсіз қазақ елінің барлық облысын аралап шығамын деген жоспар да бар.

– Әңгімеңізге рақмет! Шығармашылық табыс тілейміз!

Әңгімелескен
Дәулет ҚЫРДАН

Ұлттық болмысқа таңба түсіруге болмайды 4

«Bilim-Life»: Болашақ бүгіннен басталады 5

Кубадан келген құрам 7

Білімді ұрпақ білікті ұстаздан шығады

– Салтанат Сейтқалиқызы, маман тапшылығы жайлы жиі айтамыз. Түлектерді жұмыспен қамту деңгейі туралы мәлімет жасақтала ма?

– Медицина мамандарының елге қаншалықты қажет екеніне пандемияда көз жетті. Сол кезде дәрігерлердің адалдығын, жұмысына деген жауапкершілігінің маңызын түсіндік. Олардың ішінде біздің оқу орнының түлектері де жетерлік. Білім ордасы нағыз өз ісінің маманын даярлап шыққанын мақтанышпен айта аламыз. Өзге де түлектердің есімі елге белгілі. Оларға емделушілер тарапынан алғыс айтып жатқандар көп.

Студенттер үшін сапалы білім алуға барлық жағдай жасауға тырысып жатырмыз. Теория мен практика қатар шыңдалады. Саламатты қоғам қалыптастыру үшін дәрігердің білім-білігі маңызды. Қазір медициналық білім беру аясын кеңейту мақсатында бакалавриат білім беру бағдарламасы енгізіліп, жоғары білімді мейіргер біліктілігі берілуде. Студенттер кең спектрлі клиникалық дағдыларды, базалық және кәсіби құзыреттіліктерді игеру үшін тәжірибе жетілдіруді жолға қойған.

Колледж түлектерін жұмыспен қамту басты назарда. Мәселен, 2021-2022 оқу жылы түлектердің 77-сі жұмыспен қамтылды. Сондай-ақ мемлекет тарапынан «Жастар тәжірибесі» секілді жобалар үлкен қолдауға айналды. Мысалы, өткен жылы аталған мемлекеттік бағдарлама аясында 30 түлек жұмысқа орналасқан.

Бір айта кетерлігі, өткен жылы түлектердің жұмысқа орналасуына қолдау көрсету мақсатында Солтүстік Қазақстан, Қостанай облыстарынан жұмыс берушілер келіп, түлектермен кездесті. Мақсат – Солтүстік Қазақстан мен Қостанай облыстарында кадр тапшылығын шешу. Соған байланысты «Оңтүстіктен солтүстікке қоныс аудару» мемлекеттік бағдарламасының ережелерімен таныстыстыру ұйымдастырылып, түлектермен жеке сұхбат өткізілді.

Осы секілді жүйелі жұмыстар жастардың еңбек нарығындағы үлесін арттырып, жұмыссыздық деңгейін төмендетуге септеседі деген ойдамын. Оған қоса шәкірттердің кәсіби білігі мен алған білімі салада лайықты бағаланары сөзсіз.

3 бетте

Онлайн сауда: Уақыт пен ұйым, баға мен сапа

Биыл Қызылорда медициналық жоғары колледжінің құрылғанына – 95 жыл. Бүгінге дейін мұнда 40 мыңға жуық маман білім алған. Көптеген түлек өзге аймақтарда қызмет етіп келеді. Осылайша олар ел медицинасының дамуына зор септігін тигізуде. Колледж директоры Салтанат Тасмағанбетовамен мерейтой аясында сұхбаттасуды жөн санадық.

Digital дәуірде онлайн сауданың дәурені қыза түсті. Бүгінде жаһандық электронды сауда нарығының көлемі – 3,5 трлн теңге. Кәсіпкерлер де көрші елден керегін тауып, табысқа кенеліп жүр. Саудада кепілдік жоқ. Сазға отыру да, қыруар қаржыны қалтаға басу да бір-ақ сәт. Бірақ Қытайдың су тегін тауарына елде екі еселеп баға қосқан сатушылар ұтып тұр.

Елдегі есеп: Сауда көлемі ұлғайған

Базарға бас сұғатын адам азаймаса да, онлайн дүкенге тапсырыс берушінің саны артты. Киім-кешек, техника, азық-түлікке дейін таңдау жасап, қажеттісін уақыт жоғалтпай алады. Онлайн сауданың оңтайлы тұсы да осы. Дәлірек айтқанда, артықшылығы мен кемшін тұсын тізбектеп отырудың қажеті жоқ. Өйткені көбі мұны беске біледі.

Деректерге сүйенсек, елде электронды сауда көлемі былтыр 20,2% өсіп, 1,3 трлн теңгеге жетті. Бұл – өткен жылмен салыстырғанда айтарлықтай жоғары көрсеткіш. Қазақстандықтар интернетте киім, аяқ киім және түрлі аксессуарларды сатып алуға 423,9 млрд теңге жұмсаған. Екінші орында тұрмыстық техника мен электроника тұр, оның үлесі 27,1%-ды құрады. Ал жоғары технологиялық тауарлар 11,6% өсіммен 355 млрд теңгеге жетті.

2 бетте

Қылышын сүйреткен қыс қайда?

Әрине, таң-тамаша қалуға да болмас. Бұл жыл мезгілдерінің әрбірінің өз уақытымен келуі заңдылық еді, ал заңдылықтың бұзылуына әлем алаңдаулы. Өйткені бұл жағдай тек Қазақстанда ғана емес, әлемнің көп елінде көрініс беруде. Шама-шарқымыз келгенше жақынды-алысты мамандардан пікір сұрадық, елмен кеңестік.

Қызылорда: Қалыпты мөлшерден 6-7 градусқа жоғары

Сыр өңірі әуелден қысы жайлы аймақтардың қатарында. Десек те, ақ мамыққа оранар қарлы маусымның ұлпа қарын сирек көретін жерлестер бұл жолы қардың қарасын байқамады. Тіпті, балшықтан аққала жасағандар да кездесіп жатыр. Әсте, мамандар табиғаттың бұл өзгерісі әлемдік жылынуға қатысты болып жатырғанын айтуда.

«Жалпы кешегі күз айлары мен осы қыс мезгілінде ауа райы нормадан жоғары. Ол жалпы жылынуға байланысты. Қараша айы бойынша ауа температурасы қалыпты мөлшерден 6-7 градусқа жоғары болды. Орташа ылғалдық температурасының барлығы оң шамада болды. Алдағы желтоқсан, қаңтар, ақпан қыс айларында жылдағы жағдаймен салыстырғанда орташа айлық ауа температурасы қалыпты шамадан 2 градусқа жоғары болады деп күтілуде», – дейді «Қазгидромет» республикалық кәсіпорнының Қызылорда облысы филиалының метеожобалау бөлімінің басшысы Айгерім Жөкелова.

Солтүстік, шығыс және орталық Қазақстанда қатты аяз болады

Ел бойынша синоптиктер биылғы қыстың 20 жыл бұрынғы жағдайды қайталайын деп тұрғанын айтуда. Бұған Атлант мұхиты аймақтарынан ылғалды ауа массаларының жиі қозғалысы басты себеп дейді мамандар. Еліміздің батыс өңірлерінде 2-12 аралығында ауа температурасы сақталса, шығыс өңірлерде қалыпты жағдайдан 0-5 градусқа дейін жоғарылайтынын айтады. Ал Қазақстанның басқа өңірлерінде мұндай ауыз толтырып айтарлықтай өзгеріс болмайтын көрінеді. Ал жалпы Қазақстанда ауа температурасы қалыпты жағдайдан 1-2 градусқа жоғары болады деп күтілуде. Әйтсе де, барлық өңірде жылы болмайды, солтүстік, шығыс және орталық Қазақстанда қатты аяз болатынын айтады. Боранды желтоқсан, қылышын сүйреткен қаңтар мен аязды ақпанның артынан мейірімін төгіп наурыз жылы ауа райымен жететін көрінеді.

Айтпақшы, астаналықтар қыстың қарсыз келгеніне таңданып отыр. Әйтсе де, мұндай жағдай оларға таңсық емес. Берідегі деректерді алсақ, Сарыарқаның сайын даласында 2010 және 2017 жылдары қыс мезгілінде айнала ақ мамыққа орана алмады.



Әлем ғалымдары не дейді?

Климаттың өзгеруіне мамандар түрлі себеп айтады. Мәселен, қытайлық ғалымдар соңғы онжылдықтағы орташа қалыпты температурадан бір градус асатынын айтып отыр. Жаһандық температура 2023-2024 жылдардағы қыста әлемдік жаңа рекорд орнататынына 95 процент ықтималдық қоюда. Зерттеулерге сүйенсек, Қытайда 1991 жылдан кейінгі ең жылы қыс биыл болғалы тұр. Әрине, көп жағдайда ғалымдар антропогендік жаһандық жылынудың жеделдеуі себеп етеді. Дей тұрғанмен, Эль-Ниньо климаттық құбылысының күшеюі де басты себепкер болуы мүмкін екен. Әлем бойынша Қытай мен Орталық Азия елдерінде қалыпты температурадан 1,1-1,2 градус жоғарылауы мүмкін. Бұл қатарда Канада, Альяска, Оңтүстік-Орталық Американың экваторлық аймақтары, Африканың оңтүстігі мен Аустралияның солтүстік батысы да бар. Ауа райы төмен болатын елдердің ішінде Батыс Еуропа, Ресейдің Қиыр шығысы, АҚШ пен Аргентина қара көрсетеді.

Айтпақшы, кешегі қыркүйек айында Австрия, Бельгия, Германия, Польша мен Швейцарияда рекордтық температура тіркелген. Мұндай жағдай қазан айында да қайталаныпты. Франция, Испания мен Португалия қазанда жаздың күнін сезініп, бір терлеп алды. Енді 40 градус ыстық дегеніңізді Қызылорданың жазында ғана көрдік. Біз айтып отырған елдер үшін мұндай ыстық рекорд. Еуропаның есін алған ыстық осылайша табиғаттың тосын мінезін бір танытып алды.

Осы күнге дейін әлемдегі орташа температура 15,3 градус көрсеткішке жеткен еді. Біз айтып отырған бұл сандық дерек 1991-2020 жылдар аралығындағы орташа көрсеткіштен 1 градусқа жоғары. Ал кешегі айда теңіз бетінің де орташа температурасы 20,79 градусты көрсетіп, рекордтық межені жаңартты.

Себепті қайдан іздейміз?

«Хабар 24» арнасының бейнематериалында ауаға бөлінетін зиянды заттар туралы баяндаманың бас ғылыми редакторы Энн Олхофф: «Біз бұған дейін талай мәрте парниктік газдарды азайту керек деп айтып келдік. Тиісті межеден аспау керегі туралы ескертілді. Бірақ шындығында жағдай өзгермеген. Биылғы есептің былтырғысынан айырмашылығы жоқ. Өзіне жүктелген міндеттемелерді орындап отырған ел шамалы», – деп алаңдаушылық білдірді.

Ғалымдардың айтуынша, жаһандық жылыну біз ойлағаннан да ерте білініп жатыр. Ал болжамдарға қарасаңыз, тіпті, ұнжырғаңыз түскені былай тұрсын, болашақ жайлы ойлауға қорқасыз. 2030 жылға қарай жер бетіндегі орташа температура жарым градусқа жоғары болатын көрінеді. Ал 2050 жылы бұл көрсеткіш 2 градусқа көп болады деген ғалымдар мұндай жағдайды болырмас үшін ауаға бөлінетін көмірқышқыл газының мөлшерін азайту керек дейді. Енді мұның өзі де көмектеспеуі мүмкін, өйткені көп уақыт өткізіп алғанымызды айтады зерттеушілер. Ал табиғат жанашырлары экологиялық нормаларды бұзатын елдерге салық салу керегін айтып, дабыл қағуда.

Әлем елдеріндегі жылыну жайы тіпті қатты әсер етуде. Еуропаның Испания елінде өткен 1 қаңтарда ауа температурасы 25,1 градус болыпты. Көршілес аюлы Ресей биыл қаһарлы қысты сезіне алмауы мүмкін. Ал таяқ тастам жердегі құдайы көрші біз де табиғаттың бұл тылсымынан дәм татуымыз ғажап емес.

Тілші түйіні

Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ,
Табиғаттың оны айтатын тілі жоқ...
Қалай десек те, өнеркәсіп дамыды,
көгілдір отын көңілді жылытты, зауыттар іске қосылды деп бөркімізді аспанға атамыз. Бірақ оның бәрі адамзаттың өркениетке бастаған жетістіктері болғанмен, табиғатқа жасап жатқан орасан зиянымыз екені анық. Бірақ қазір бүгінмен өмір сүру әлем халқына тән тәрізді.



«Қазанның суығы ұрған жоқ» дейді ауласындағы көгеріп тұрған өсімдіктерге қараған жұртшылық. Иә, қара күзден бастап ұйықтайтын ағаштардың да жапырағы жайқалып тұр әлі. Тіпті, көгеріп тұрған жоңышқа да жапырағы жап-жасыл, түр бермеген. Көктемде осындай күйге енетін табиғат-ананың биылғы көрінісіне қараған қалың ел аң-таң.

Дәулет ҚЫРДАН

Онлайн сауда: Уақыт пен уайым, баға мен сапа

Жалғасы. Басы 1-бетте



Азық-түлік сегменті де онлайн саудаға ойысып жатыр. Мұның көлемі шамамен үштен бірге өсті: 35,4 млрд теңгеден 45,5 млрд теңгеге дейін. Сондай-ақ сусындар мен темекінің интернет арқылы сатылымы едәуір өскен. 69,9 млрд теңге, бір жылда 23,3% көбейген.

Биыл цифрлық сауда үшін қандай үрдістердің өзекті болатынын түсіну үшін Euromonitor International зерттеу жүргізді. Қорытындысы бойынша дамудың бес негізгі бағыты анықталды. Ең маңыздысы жұртшылық интернет-дүкенді тауарды арзан сатып алу мүмкіндігі ретінде қарастырады. Тұтыну шығындарының өсуімен адамдар шығынды азайтудың жолын іздейтін болады. Сатып алушылар адалдық бағдарламаларына қосылу үшін жеке деректерімен бөлісуге келіседі. Әртүрлі қолданба мен бағдарлама да танымал болады. Бұл адамға киім немесе аксессуарларды іс жүзінде сынап көруге мүмкіндік береді.

– Заманға сай өзгерістердің оң болғаны қуантады. Бұрын дүкенде талонмен кезек күтсек, қазір бәрі қолжетімді. Ал онлайн дүкеннің пайда болуы уақытты үнемдеді. Базарда жүргендей кеш қарайса, «кету керек» деп әуреге түспейсің. Қолың қалт еткенде желіге немесе арнайы платформаға кірсең, қажетті дүниені іздемей-ақ табасың. Тиімдісі таңдау көп, – деді Жұмақүл Төленқызы.

Made in China: Танымал маркетплейстер

Елімізге шетелден келетін сәлемдеменің 90 пайызы "Қазпошта" арқылы жеткізіледі екен. Яғни, онлайн тапсырыстардың басым бөлігі Қытай елінен. Неде болса сауда жағынан көрші ел көш бастап тұр. Қытай платформасы нағыз «майшелпекке» айналған. Алғашында адамдар тапсырыс берген тұтынушы атанса, қазір жолын меңгеріп, бәрі бір-бір кәсіпкер. Алдымен көп сұранысын қамтамасыз еткен маркетплейске тоқталайық.

AliExpress – түрлі тауардың кең ассортименті бар онлайн-платформа. Тауар айналымы АҚШ-тағы ең ірі сауда желісі Wal-Mart-тан жоғары деген дерек бар. Тауар саны 50 млн-нан асады. Тұтынушы ретінде үштікте Ресей, АҚШ және Бразилия тұр. Елімізде де «AliExpress» тауарына тапсырыс беретіндер жетерлік. Сауда желісінің танымал болуына қолданыстағы қажетті тауарларды арзан бағамен ұсынуы себеп. Алғашында 12 минуттың өзінде-ақ компанияға 1,57 млрд табыс түскен екен.

Ал taobao – қытайлық алпауыт сауда алаңы десек артық емес. Ұсақ-түйектен бастап, керекті дүниенің бәрі табылады. Бізде көбі ондағы тауарға тапсырыс беріп, жеткізуі жөнінде делдалдық компанияға сүйенеді. Айта кетейік, коммерциялық сайттың қолданушысы өте көп.

Alibaba.com – 1999 жылы іске қосылған жаһандық көтерме саудадағы жетекші платформа. Әлем бойынша млн-даған сатып алушыға қызмет көрсетеді. Бұл тауар түрін тез әрі тиімді бағада табуға болатын тетік. 40-тан астам санаттағы млн-нан астам тауары бар.

Pinduoduo.com-ға келсек, ол қазіргі таңда қолданысы кең Қытай кәсіпорны. Электронды коммерция бойынша озық саналған сайттан елімізде тапсырыс берушілер саны артып келеді.

Саудада абсолютті көшбасшы деп танылған Қытайдың интернет дүкені көп. Бұл тізімнің өзі толық емес. Оларға түскен қаржы тіпті қомақты.

Қытай асқан тауардың құны қандай?

Иә, жұмыртқадан жүн қырыққандар пиндуододан пайда көріп жүр. Өйтпегенде ше? Елмен салыстырғанда бағасында әжептәуір айырма бар. Бізде сапалы деген 60 мыңның күртешесін Қытайдан 30 мыңға, 10 мыңның сөмкесін 2 мыңға алуға болады. Бұл – айлығы шайлығынан артылмайтын адам үшін үлкен үнем. Тіпті қалталының өзі көлемді тапсырыс беруде. Бәлкім, қызыққа немесе артық ақшасын ауаға ұшыруға жоқ деген сөз. Жаңа дүниеге жапатармағай ұмытылатынымыз рас қой. Қазір бәрі пиндуодоның төңірегінде айналшықтап жүр. Курс ашып, сайтты үйреткен де, үйреніп, бизнес бастағаны да бар. Бірақ әркімнің табысы әрқалай.

– Пиндуодомен айналысқаныма 3 ай болды. Ауылға жақсы мүмкіндік деп айтар едім. Қытай зауытынан шықса да тауар сапасы жоғары. Негізі сапалы болуы бағасына байланысты. Арзанының сорпасы татымайды. Сондықтан тапсырыс бергенде жан-жақты қарастыру керек. Өзім сатылым санына, адамдар пікіріне назар аударамын. Пиндуодо көп киім-кешек алатындарға өте тиімді. Аяқ-киімге тапсырыс бердім. «Қытай өнімі ғой, иісі бола ма екен?» деген ой болды. Бірақ жоғары сапада келді. 3 ай енді болғандықтан әзірге көп тұтынушы жоқ. Табысты есептемеппін, шамамен бір айда 15 мыңнан аса табамын, – дейді студент Мерей Күмісбек.

Жаңа дүние келсе, жапатармағай соны байқап көруге тырысамыз. Сөйтсек пиндуодоны Қытайдың өзі қолданбайды екен.

– Pinduoduo қазақтың «жанды жерін» дөп басты. Біз біреу бірдеңе тауып байыса, соған еріп кетеміз ғой. Мойындау керек, Pinduoduo-ның бастапқы курсын үйреткендер жақсы ақша тапты. Ал одан тауар алып, байып жатқандар шамалы. Негізі Қытайдың өз ішінде бұл – сапасыз, сәннен қалған тауарларды сататын сайттардың бірі. Оны қытайлықтардың өзі қолданбайды. Ал Pinduoduo-ны танымал еткен осы ТМД елдері деп айтар едім. Негізі бұл сайтты «Қытайдың қалдығы» деп айтады, – деді Үміт.

Ал алматылық ару Лиза кәсіпті дөңгелету оңай емес дейді.

– Бизнес бастау – тез баю емес. Айналымда ақша азайып, банкрот болатын кездер болады. Бірде бір күннің ішінде млн-дап табыс табасың. Көбі пиндуодомен байып кетті деуі мүмкін. Бірақ сауда жүргізудің қиындығы жетерлік. Тауарды әкелу мен сатудың машақаты мен шығыны да біраз. Тауарды ұшақпен немесе автобуспен жеткізуге болады. Тек жүк көліктер екі апта мен бірнеше айда жеткізсе, ұшақ тауарды бір аптаға жетпей әкеледі. Қытайда тауар арзан болғанымен, шығын жеткізуіне кетеді, – деді жас кәсіпкер.

Онлайн саудаға оңбай алданғандар

Бірі интернет дүкеннің игілігін көрсе, бірінің аузы бақадай ашылып қалды. Иә, алаяқтар аяқты аспаннан келтіріп, қыруар қаржыны қалтаға басқан. Былтыр елордада жарты жыл ішінде 1894 адам желі арқылы тауарға тапсырыс беріп, дымсыз қалған. Осылайша телефонмен тапсырыс беріп, тауарсыз қалған жұрт қаржысынан қағылған. 288 іс бойынша қылмыс ашылып, жыл басынан 60 күдікті ұсталған.

Ал Маңғыстау облысында жыл басынан бері тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті онлайн дүкеннен алданған азаматтарға 1 394 900 теңге қайтарған. Жыл басынан бері департаментке азаматтардан 350 өтініш түскен. Оның 120-ы жазбаша болса, 15-і телеграмм бот арқылы, ал 87-і жеке қабылдауда, сондай-ақ, 128-і жедел желі бойынша кеңес алған.

– Департамент мамандары тұтынушылардың өтініштерін қарап, кеңес беріп, көмек көрсетіп келеді. Тұрғындардың басым бөлігі тауар сапасына, айырбастау және кері қайтару, жиһаз жасау және жөндеу жұмыстарына, сондай-ақ тұрмыстық қызмет көрсету деңгейіне көңілі толмай, шағым түсіреді. Көп жағдайда кәсіпкерлер тұтынушылардың жазбаша шағымдарын жауапсыз қалдырады, бұл – басты мәселе, – деген Рауан Мұхаев.

Бұдан бөлек Маңғыстаудың мыңдаған тұрғыны «Қытайдан тауар алып беремін» деген әйелге алданған. Тауар да, ақшасы да жоқ, жер сипап қалған солай. Өңірде де мұндай дерек кездеседі.

Түйіндей келе, электронды сауданың экономикаға ықпалы зор екені айтылады. Сауда перспективасының ауқымы соншалық, логистикаға, контейнерлік тасымалдауға, курьерлік қызметтерге, цифрлық сервистер мен қызметтерге әсері мол. Дәстүрлі дүкенді ығыстыруы да сондықтан. Тиімді тұсы тайға таңба басқандай анық. Бірақ тәртіптің де қатаң болуын қадағалау артық етпес.

Замира ҚОНЫСЖАН

Білімді ұрпақ білікті ұстаздан шығады

Жалғасы. Басы 1-бетте

– Ауылдан арман арқалап келгендер тап болатын жалғыз мәселе бар. Студенттерді жатақханамен қамту қалай жүргізілуде?

– Оқу орнында ауданнан келген студент көп. Сондықтан бұл мәселенің шешімін оқу басталар сәтте реттеп қоямыз. Жатақхана талапқа сай, студенттердің көңілінен шығады деген ойдамын. Сондай-ақ оқу орнына тиіп тұр. Сабақ кестесі де студенттер үшін қолайлы. Біздің тарапқа «жатақхана мәселесі қиындық тудыруда» деген шағым түскен жоқ.

Біз студентпен ғана емес, ата-анамен де тығыз байланыстамыз. Әр мұғалім білім алушының сабақ үлгерімімен қатар өзге де мәселелеріне көмек береді. Сонымен қатар жатақханада барлық мүмкіндік жасалған. Әр қабатта тамақ әзірлеуге арналған тұрмыстық бөлме, бос уақытқа арналған демалыс орны, медициналық пункт, оқу залы жөндеуден өтіп, керек-жарақ толықтырылды. Мәдени, тәртіптік жұмыстың жүйелі жүруін, жатақхана тұрғындарының тәртібін қадағалауды студенттер кеңесі қадағалайды.

– Материалдық-техникалық база, студенттердің колледжге қызығушылығы жайлы айтсаңыз...

– Колледж барлық талапқа сай. Материалдық-техникалық база да жаңарды. Оқу орны жылдан-жылға жаңарып, жақсарып келеді. Студенттер қатары көбеюде. Қызығушылық танытатын студенттер қатары артып келеді. Қазір мамандыққа адалдықты түлектерден байқап келемін.

Колледж – «Мейірбике ісі» мамандығын «Қолданбалы бакалавриат» білім беру бағдарламасы бойынша даярлайтын кәсіптік оқу орнының бірегейі. Ғасырға жуық тарихында білім ұясынан 40 мыңнан астам орта буын және бакалавр мамандары даярланды. Мұнда игі-жақсылардың қарымды еңбегі тұр. Солардың бірі – Сара Төлегенқызы. Оның қайсар мінезі мен іскерлігінің арқасында оқу базасы жаңарған. Одан кейінгі жылдары халықаралық және республикалық медициналық университеттермен меморандумға отырып, тәжірибелік оқыту аясы кеңейді. Білім алушылар үшін жаңа жатақхана пайдалануға берілді.

– Кәсіби маман даярлау мәселесі де өзекті. Бұл ретте оқытушылық құрам жайын тарқатсаңыз.

– Оқытушылардың барлығы өзіне міндеттелген жауапкершілікті сезінеді. Білімін жетілдіру барысында көп жұмыс істейді. Курстарға, тренингтерге қатысады. Қосымша медицинаға қатысты кітаптар оқып, ізденісін арттырып жүр. Басты мақсаты – студенттерге сапалы білім беру. Менің байқағаным, мұғалімдердің еңбекқорлығының арқасында қанша түлек биікке көтерілді. Олар оқу орнының абыройын ақсақтатып келеді. Екпе егумен ғана шектелмей, дәрігер берген тапсырманы қателеспей орындауға тырысады. Науқастың қасында жүріп, айтқан өтінішін орындап, қол ұшын созып жүр.

Ұстаздар осындай жанашыр мамандарды тәрбиелеп шығуда.

Колледжде «педагог-шебер», «педагог-зерттеуші», «педагог-сарапшы», «педагог-модератор» біліктілік санаттары бойынша еңбекақыға үстемеақы төленуде. Оқу процесінің басты бөлігі саналатын әдістемелік жұмыс оқытушылар назарынан тыс қалмаған. Тәжірибелі мамандар әдісін жетілдіру, жаңа әдісті енгізу бойынша тұрақты түрде басқосу ұйымдастыруды дәстүрге айналдырдық. Қорыта айтқанда, колледж педагогтары дамуға күш салуда.

– Бүгінде мейіргер мамандығының мән-маңызын нақтылау кезек күттірмейтін қадам секілді. Себебі аталған мамандар жоғары білікті дәрігер болмаса да емдеу ісінде негізгі рөл атқарады. Бұл ретте мейіргердің маңызы неде деп ойлайсыз?

– Мейіргер – ауруханаларда, клиникаларда, оңалту орталықтарында, үйде және басқа да медициналық мекемелерде пациенттерге көмек көрсететін қызметкер. Яғни оларды шеберлік пен білімді ұштастырған, жан-жақты, күтім процесіне толығымен жауапты, мейірімділік көрсететін жан деп қабылдаған жөн. Қазіргі уақытта мейіргерлердің ісін модернизациялау жұмыстарының қарқыны жоғары. Бүгінгі медбикелерді тек дәрігердің айтқанын орындаушы деп түсінуге болмайды.

– Студенттерді практикалық негізде баулу, саланың жұмыс бағытына бой үйрету үшін нендей жұмыс атқарылды?

– Колледж студенттері стоматология, ортопедиялық стоматология, емдеу ісі, мейіргер ісі, акушерлік іс, лабораториялық диагностика, фармация, гигиена және эпидемиология бойынша білім алады.

Колледж құрылымында 7 бөлімше және бір орта медициналық қызметкерлердің біліктілігін арттыру бөлімшесі, медициналық пункт, симуляциялық кабинеттер, мұражай, жатақхана, спорттық кешен бар. Студенттердің оқуы үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында колледж жанында алғашқы медициналық-санитариялық көмек, дәрігерге дейінгі көмек көрсетуге арналған медициналық пункт жұмыс істейді. Жыл сайын студенттерді медициналық тексеру тегін жүргізіледі.

– Облыс медицинасындағы маман тапшылығын жоюға колледж қандай үлес қосты?

– Мейіргер ісін дамытудың кешенді даму жоспарына сәйкес, 2030 жылға дейін аймақты 40% қолданбалы бакалавр мамандарымен қамтамасыз ету жүргізілуде. Осы мақсатта 1,6 жылдық жеделдетілген білім беру бағдарламасымен жылына 250 мейіргер дайындалады. Негізгі мақсат – бәсекеге қабілетті, еуропалық директиваға сәйкес келетін тәжірибелі мейіргерлерді дайындау. Оған қоса колледждің тәжірибелі оқытушылары қолданбалы бакалавр бойынша фельдшер, акушер секілді орта буын медицина мамандарын дайындауды жалғастыруда.

– Сұқбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен
Мөлдір САБЫРЖАН



ХАЛЫҚТЫҢ АЛҒЫСЫНАН АСҚАН ЕШНӘРСЕ ЖОҚ

Басы ауырып, балтыры сыздаған жұртшылықтың дертіне дауа табуда олардың еңбегі ерен. Бүгінгі кейіпкеріміз Мөлдір Қырданова – облыстық перинаталдық орталықтың акушер-гинекологы. Аналардың өмірге дені сау ұрпақ әкелуіне септесіп, еңбек етіп жүрген ол таяуда ғана республикалық «ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі – 2023» байқауында «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісін иеленді.



Ақ халатты арындай таза ұстап, Гиппократ антына берік болып жүрген талай мықты мамандар елге қызмет етіп келеді. Әрине, салада маман жетіспеушілігі белең алғалы біраз болды. Бірақ соған қарамастан өңір халқына 2 мыңнан астам дәрігер қызмет көрсетіп, аянбай еңбектенуде.

«Біздің әулет – мұғалімдер династиясы. Тіпті, әулеттің келіндері де осы салада еңбек етіп келеді. Сол қалың топтың арасынан суырылып шығып, медицина мамандығын таңдадым. Өйткені жүрек қалауым сол болды. Шынтуайтына келсек, адамзаттың асыл мамандықтарының қатарында екі сала болса, оның бірі – мұғалім, екіншісі – дәрігер. Бірі адамның жанын емдейді, бірі тәнін емдейді. Жан жарасы мен тән жарасын таңып, оны рухани толысқан адамға айналдыру – тек өз ісінің шеберлерінің ғана қолынан келетін іс.

Әкем маған үнемі айтып отыратын бірнеше ақыл бар. «Адамдық пен мамандықты қатар меңгер. Егер ол екеуін құстың қос қанатындай қатар алып жүрсең, онда сенің толыққанды тұлға болғаның. Бір қанаты жаралы құс алысқа ұша алмайды. Адамдық пен мамандықтың бірі тасада қалса, адам да сондай күй кешеді» дейді әкем. Мен үшін осы сөз өмірімнің айқын мақсатына айналды», – дейді Мөлдір Жамбылқызы.

Адамзаттың асыл мамандығы атанған медицина саласында 11 жылдан бері маңдай терін төгіп келеді. Біреу үшін аз, біреу үшін әжептәуір уақыт болуы мүмкін. Бірақ осы жылдар ішінде Мөлдір Жамбылқызының тәжірибесін шыңдады. Аудандық аурухана, емханаларда да еңбек етті. Ал медицинада ауру мен емдеу мекемесінің үлкен-кішісі болмайды.

«Осы жылдардағы тәжірибемде әкемнің ақылын алып, кісі ақысын жемедім, қолымнан келсе, айналаға көмек беруге тырыстым, әлі де солай келемін. Өйткені, дәрігер болу арқылы маман алдына келген адамның түріне, тіліне, дініне, ділі мен нәсіліне қарамай, оған қызмет көрсете білу керегін үйренеді. Біздің мойнымыздағы жүк осылай. Жұмыс болған соң қызығы мен қиындығы қатар жүреді. Онсыз қай жұмыстың да көркі кірмес еді. Кейде қауырт тірліктен қажып, еңсем түсіп бара жатқанда әкемнің ақылы дәтке қуат болып тұрады. «Адамдығың мен мамандығың алда болсын! Еңсеңді көтер!» дейді әкем. Кез келген істе табандылық пен еңбекқорлық керек. Ол үшін, әрине, маңдай теріңді сылып, еңбектенбесең, бәрі бекер. Мен бала күнімде армандаған дәрігер болудың үлгісі мен ұстанымын осы күні өзім ұстанып келемін», – дейді білікті маман ойын бөлісіп.

Мөлдір Жамбылқызы Сырдария ауданында еңбек жолын бастап, ауылдық, аудандық жердегі қиын да күрделі саласының отымен кіріп, күлімен шықты. Бүгінде қанша жанның қуанышына ортақтасып, олардың көңіл-күйінің куәсіне айналып отыр. Шырылдап өмір есігін жаңа ашқан нәрестенің үнін есту бақытына алғаш қолы жеткендердің да шаттық үнмен бөркін аспанға атқанын да талай көзімен көрді. Бастысы, мойындағы елдің аманатын, елдің сенімі мен алғысын сезініп жүру керек дейді ол.

«Ақ халат киіп, сол халаттай кір шалмаған ақ арың бұл жерде ең бірінші маңызға ие. Мен халықтың алдындағы сенім мен міндетті орындауым керек деген мақсатты алдыма қойдым. Медицина қызметкерлерінің мәртебесіне келсек, аспанға қарап алақан жайып, Құдайдан мәртебе бер деп сұрағанмен, ол аспаннан шұға жауғандай топ етіп түсе қалатын нәрсе емес. Ол – маңдай терің, еңбегің, білімің, елге жасаған қызметің. Мәртебе – атқарған қызметің үшін халықтың берген сенімі. Елдің алғысы – кез келген әскери шеннен де биік, оны халықтың өзі береді. Ал халық – құдайдың бір аты. Мамандыққа адалдық, адамдыққа адалдық және кез келген жағдайда өзіңнің позицияңды «арбаны да сындырмайтын, өгізді де өлтірмейтін» түрде тігісін жатқызып, оңтайлы дәлелдеу керек. Бұл үшін әлбетте білім, ал білім алу үшін еңбектену керек. Мұның барлығы аукционнан жоғары бағаға сатып алатын құндылық емес, бойыңнан жасақтай алатын қасиет. Ол әрбіріміздің қолымыздан келеді», – дейді Мөлдір Жамбылқызы.

Медицина саласы мамандарына көрсетіліп жатқан құрмет пен қолдау да аз емес. Әлбетте, сала мамандары соған әбден лайықты. Адам жанының арашасы атанған ақ халаттыларға деген халықтың ықыласы ерекше. Мөлдір Жамбылқызы атақ пен абырой, мәртебе мен құрметтің оңай келмейтінін айтады. «Тез жанған сәуле тез өшеді» деген бар. Ал қиындықпен, уақытпен, тәжірибемен келген құрмет қашан да қасында қалады.

Мәртебе алдымен сыйластықтан туады. Өзгені құрметтеу үшін алдымен өзіңді сыйлаудан бастау керек. Ал өзіңді сыйлау – құдайдың берген болмысын кірлетпей, таза ұстап, айналаға нұрын шашып жүре алатын мейірбан адам болу.

Иә, сіз ең алдымен өзіңіздің бойыңыздан осы қасиеттерді іздеңіз. Сонда мәртебелі маман екеніңізді сезінуіңізге тілектеспін. «Тура жүр, бағытыңнан тайқыма. Алдыңа қойған мақсаттан ешқашан бас тартпа. Өйткені, мақсатынан бас тарту адамды өзгеріске ұшыратады. Сен өзіңді таны, өзіңді танытуға жұмыс істе» деді әкем. Рас, ойланып қалдым. Біз тәрізді істің адамының мұндай сөздерді түсінуі қиын екені рас. Бірақ, ойлап қарасаңыз, оңай, қолымыздан келетін іс қой», – дейді акушер-гинеколог.

Әлбетте, адамдық пен мамандық – егіз ұғым. Бастысы, олардың қадамы тең болу керек.

Аян СПАНДИЯР

ТАҢБА ТҮСІРУГЕ БОЛМАЙДЫ

ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСҚА

Дін – даналық тұғыры. Дегенмен таусылмайтын тартыс, бітіспес пікірталас әсерінен дінге шошына қарайтындар жоқ емес. Жат ағымның көбеюі көңілді де күпті етті. Тіпті бес уақыт намазын түгендеп, аузынан Алласын тастамаған адамға қырын қарайды. «Дүмше молда» салған дүрбелеңдей дінге қатысты сең қозғалып-ақ жатыр. Тек осы тұста дұрыс пен бұрыстың салмағын ажырату маңызды. Біз де дінтанушы, теолог Кеңшілік Тышқанмен тілдестік.

– Ш.Құдайбердіұлы «Мұсылмандық шарты» мен «Үш анық» еңбегінде ислам іліміне терең тоқталды. Ал, қазір дінге қатысты дұбара түсініктің бар екені жасырын емес. Қалайсыз ойлайсыз, осы уақыт аралығында не өзгерді?

– Менің ойымша, ол кезеңдегі дін мен бүгінгі діни бірегейлік бірдей емес. Тіпті Шәкәрім заманындағы және қазіргі дінге құштарлық та түрліше. Олар Қазақ хандығынан, біз Кеңестік социалистік республикадан шықтық. Ал тәуелсіздіктен кейін дін Қазақстанға бірыңғай болып енген жоқ. Алуан ағым, әртүрлі топ пен әртүрлі көзқарас қоса қабаттасып кетті. Исламның өзі бөлшек-бөлшек болып келді. Халықта қайсыбір түсініктің тереңіне бойлауға, ағартушылық мәселеге және айтылған сөздің айналасына ұйысуға Шәкәрімнің заманындай мүмкіндік жоқ. Ол кезде надандық тазалықтан, қазір ғылымнан шығып отыр. Салыстырсақ, осындай айырма бар.

– «Үй ішінен үй тікпеу керек» деген сөз бар. Соған қарамастан адамды адастырар ағым көп. Бұған қалай тоқтам қоюға болады? Абайдың «Кемел адам» концепциясы көкірек көзін ашуға қаншалықты ықпал етеді?

– Теріс жолдан тартынбау, жат ағымның жетегінде кету адамды адастыратыны ақиқат. Өзгенің ойын улау, санасына бүлік салу содан басталады. Ал көкірек көзін ашу үлкен концепция. Ол ағымға немесе белгілі топтарға қатысты дүние емес. Бұл – адамның Құдай алдындағы кемелденуі.

Жүректің көзі ашылса,
Хақтықтың түсер сәулесі,
Іштегі кірді қашырса,
Адамның хикмет кеудесі, –
дейді Абай ақын.
Жүректің көзі ашылу – парасат-пайымға ие болу, рухани әулиелікке жету. Бұл әркімнің қолынан келетін шаруа емес. Ағымды тоқтату үшін бәрінің жүрек көзін ашу да мүмкін емес. Ағымның астарында саяси мәселе, саяси мүдде бар. Оған тек саяси тыйым керек. Басқа жол жоқ.

– Арамызда атеизмнің жетегінде кеткендер жоқ емес. Көктегі Тәңірге күмән келтіру күпірлік емес пе?

– «Құдай жоқ» деген адамдар бұрын да болған, қазір де бар, болашақта да кездеседі. Ол әркімнің санасы, психологиясы мен танымына байланысты. Бес саусақ бірдей емес, адам да солай. Жақсылық пен жамандық қатар жүретіні белгілі. Қанша жерден күпірлікке баласақ та, оны тура жолға сала алмайсыз. Бәлкім, рухани тұлға алдынан өтіп, албырттығынан алшақтап ой өзгертуі мүмкін. Соның өзінде адамның жүрегіне иман беру Құдайдың қолында. Қазақтың бөлініп, бір-бірімен жаға жыртысып, «арабқұл», «орысқұл», «қытайқұл» деп тілдейтін термин шыққанда қынжылғанмын. Ұлттық болмысқа таңба түсіруге болмайды.

– Уағыз айтқанның бәріне имандай илану қаншалықты дұрыс? Жастар әр сөзді санада сұрыптау үшін діни сауаттылығын қалай арттырғаны жөн?

– Иә, дұрыс емес. Уағызды айтатын жер, айтатын адам, оны қабылдайтын өзіндік аудиториясы болады. Қазір уағыз әлеуметтік желіде жасқа да, жасамысқа да, данаға да, балаға да жетіп жатыр. Сондықтан естігеннің бірі дұрыс, бірі бұрыс. Алған ақпаратты ой елегінен өткізу, тыңдағанды сараптау керек. Жастар да ізденіп, жан-жақты ой қорытса артық емес. Әйтпегенде Тик-ток қарап, ғалым болу мүмкін емес. Дін – жай құрал емес. Ұғымы мен тарауы, мазмұны мен мәні зор. Өзгенің сөзін құлаққа құйған жөн, тек елеп-екшегеннің айыбы жоқ.

– Дін – ауқымы мен аясы кең, өте күрделі ғылым. Бүгінде Нұрлан имам түсіндірудің жеңіл түрін тапқандай. Әлеуметтік желіде де тым белсенді, жастар арасында танымал. Бұған көзқарасыңыз қалай?

– «Елің қалай болса, бөркің солай». Қоғамға қарай бейім болып, жастарға икемделу дұрыс та шығар. Кейде қалжыңмен қағытып, әзілмен артық ауыз кетіп қалатыны рас. Десек те Tik-tok молда – Нұрлан имамның отбасыға жөн сілтеп, бағыт беруі құптарлық. Мұсылманмын деген жастардың санасына сәуле түсіруге ықпал етіп жүр. Болшақта салмақты ойын саралап, жоғары деңгейде пікір айтады деп сенемін.

– Сонымен қоғамда қарама-қайшылық көп. Бір сөзіңізде «дінді дұрыс тәпсірлейтін кәсіби мықты, рухани әлемі іс-әрекетіне сай, айтқаны мен жасағаны қабысатын тұлғалар жетіспейді» дедіңіз. Трагедияның тамырын қалай басуға болады?

– Шынайылық керек. Нәтижеге жетудің төте жолы осы. Дінді дұрыс тәпсірлеу үшін діндар ниеті де таза болғаны дұрыс. Жасандылық пен жағымпаздықтан арылу қажет. Сонда Құдай Тағала дұғасы мен ісін берекелі етеді. Сырты бүтін, іші түтін болу алысқа апармайды. Оның нәтижеге қол жеткізуі де екіталай. Мұсылман санының көптігі сынды статистика рөл ойнамайды. Ішкі мазмұн, ішкі рух пен сапа маңызды. Демек рухани әлемде сөзі мен ісі сай адам болу тиіс. Румидің «Не көрінгенің сияқты бол, не болғаның сияқты көрін» деген дана сөзі бар. Осыны түсінетін тарап көбейгенде қоғам да өздігінен түзеледі.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен
Замира ДАСТАНҚЫЗЫ

МЕКТЕПТЕ ДІНІ ӘДЕБИЕТ ОҚУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНА МА?

Бесіктен белі шықпаған балаға дін үйреткен дұрыс па? «Дінім – Ислам, кітабым – Құран, пайғамбарым – Мұхаммед, әлімсақтан мұсылманмын» дегенді отбасында перзентінің санасына сіңіріп отыратын кешегі аға ұрпақтың ұлағаты да осында жатқан тәрізді. Баланы жастайынан жан-жақты тәрбиелеу керек дегенді айтады бірі. Ал енді көпшілік баланың қабілетін білім алуға, ғылым игеруге, өндіріске ұмтылысын арттыруға бағыттау керек деп пікір білдіруде. Әйтсе де, «Жастай берген тәрбие – жас қайыңды игендей» дегендей, буыны қатпаған баланың бейімделуі дұрыс болар, кім білсін?!

Таяуда халық қалаулысы Асхат Аймағамбетовтің «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім және тәлімгерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын таныстырғанын біршама БАҚ құралдары жариялады. Депутаттың осы таныстырылымының ішінде мектептерде діни әдебиеті оқыту мәселесіне тыйым салу да ұсынылған. Ұлағатты ұстаздар қауымы министр постынан қимай шығарып салған Аймағамбетов аспандағы айды сұрап отырған жоқ сияқты. Оның айтып отырғаны, баланың жасына сай білім беруге келетіндей.

«Бұл анық норма түрлі діни қайраткерлерді және басқа да діни әдебиеттерді немесе ақпаратты мектептерге кіргізбеуге негіз болады деп ойлаймын. Біздің мектептер зайырлы мекеме, түсінесіз бе? Сондықтан зайырлы мекеме толығымен зайырлы болу керек. Егер діни әдебиетті оқығыңыз келсе мүмкіндігіңіз жетеді, ата-анасы бар. Дегенмен балалар кәмелет жасына толғанша әртүрлі ақпараттардан қорғалуы керек. Өйткені оларға қазір осы жаста қорытынды шығару өте қиын»,– деді Асхат Аймағамбетов.

Елде бұл мәселеге ерекше назар аударылған тәрізді. Өйткені, саясатта салмағы бар бірқатар азамат бұл бағытта түйткілдің барын айтып жүр. Аймақтан Қазақстан Республикасының Парламент Сенатына сайланған Руслан Рүстемовтің балалардың діни ахуалға байланысты тәлім-тәрбиесіне алаңдайтынын білдіргеніне де көп бола қойған жоқ.

Әңгімені әріден бастасақ, діни әдебиеттерді ашып оқуға көпшіліктің ерік-жігері шыдас бере бермейді. Өйткені қазір қауіп те жоқ емес. Діни әдебиетті жас емес, бала емес, ақыл тоқтатқан үлкендердің өзі оқуға жүрексінеді. Қауіптің расымен бар екенін сезінеді. Елімізде белгілі дінтанушы Бақтияр Оспановтың пікірін білген едік.

«Діни әдебиеттерге қазір өте сауатты әрі салқынқанды қарау керек. Мұқабасы әдемі екен, сыртында мешіттің, кесененің суреті тұр екен деп еріп кетуге болмайды. Сараптамадан өтпеген кітаптар қателікке ұрындырып жатыр. Ұлтараздық, дінараздық деген мәселелерді тудыратын, кейбір діндердің үстемдігін насихаттайтын кітаптар бар. Мысалы, «Бізден басқа ешкімнің діні дұрыс емес» деген көзқарасты ұстанатындар бар. Зайырлы мемлекет бола тұрып, христианмен де, католикпен де, православиемен де тең дәрежеде сөйлесеміз, ешкімді мансұқтамаймыз, кітабын қорламаймыз. Тиісінше, олар да біздің ұлттық құндылықтарды, ата-бабадан жалғасқан дінімізді қорлауға, төмендетуге, мансұқтауға құқы жоқ. Таратқан материалдарды да өздерінің діни ғибадатханасының ішінде таратады, сыртқа шығаруға құқығы жоқ. Біз біле бермейтін кейбір нәрселер бар, «Мынаны ақша берем, таратып жіберші» дегенге сеніп, оны таратып, ақша табамыз деп кейбіреулер ұрынып қалады. Сараптамадан өтпеген, басқа дінді насихаттайтын кітап болғаннан кейін ол үшін заң алдында жауап береді. Арнайы мешіттің аулаларында прокуратура, әділет салаларының арнайы рұқсаты берілген діни әдебиеттер сататын санаулы ғана кітапхана бар. Қалған жерде ұстап жүруге, сатуға, таратуға тыйым салынады. Біз маман ретінде кейбір кітаптарды қараймыз, оқимыз, бірнеше күн тексереміз», – дейді Бақтияр Есенгелдіұлы.

Қарапайым халықты былай қойғанда, білікті мамандардың өзі кітапты мұқият парақтайды. Өйткені, білдіртпей жіберер тұстары да жоқ емес екен. Мұны білікті теолог ескертті.

«Кей кітаптардың мұқабасында ұлтымызға қатысты жақсы бір суретті қойып қояды, бірақ кітаптың мағынасы мүлдем басқа дінді насихаттайды. Тек жиһадты ғана насихаттайтын кітаптар болады. Зайырлы мемлекеттің қағидаттарына қарсы келетін кітаптардың барлығы тыйым салынған әдебиеттер. Сол үшін міндетті түрде діни әдебиеттерді тексеру керек, ал өзінің қабілеті жетпесе, мамандармен кеңесу керек. Кейде ескі кітаптар болады, ол кітаптар шыққан уақытта мұндай тексеріс, сараптама болмаған. Міне, осындай да күмән болып жатса, міндетті түрде тексеріп береміз. Бізде осы үшін өз ісінің хас шеберіне айналған мықты мамандар бар. Қазір электронды кітаптарға да зер сала қараймыз. Бұл тақырыпта қырағы болу керек», – дейді ол.

Ал білім ошағында діни әдебиеттерді оқыту бағытында маман жетіспейтіні көзге ұрып тұр. Осыдан біраз уақыт бұрын да осы мәселе көтерілген тұста маман жетіспеушілігі қылаң берді. Қазақта «Тауық сойса да, қасапшы сойсын» деп бекер айтпаса керек-ті. Әркімнің өз ісімен айналысу керегі шариғатта да нықтап айтылған.

«Жастар дінді мектеп жасынан бастап үйреніп, білетін болса, ол болашақта жат ағымға, басқа да бағыттарға еруінен біраз сақтанады. Мектеп қабырғасында діни оқулықтар оқытылған дұрыс. Бірақ деген сөз бар. Бірақ, ол діни діни кітаптарды, діни оқулықтарды оқытатын маман болу керек. Діни маман болмай, оның орнына тарихшы оқыту арқылы бұл жерде қате түсінік, дұрыс түсінбеу пайда болып, асыл дініміздің дұрыс түсінбейтін жағдайға жетеді. Сондықтан, балаларға дін үйретсе, тек осы салада білім алған, діни ілімі жеткілікті мамандар тартылу керек», – дейді Қызылорда қалалық орталық “Нұр” мешітінің бас имамы Берік Сүлейменов.

Берік Мәдиұлының сөзінің жаны бар. Бұл тақырыпта білім ошақтарында мәселе жетерлік. Ол – өз алдына бөлек әңгіме. Ал маман сапасына келгенде біз қандай баға берер едік?!

«Бұл жерде мектепте дегенде мектеп бірыңғай догматикалық бағытқа шығып кетпеу керек. Ілім-білімге, ғылымға, өндіріске, медицинаға қызығатын балалардың қабілеті мен көзқарасының дамуына бұл кедергі болмау керек. Кейде көп кітаптар шынында догматикалық бағытта жазылады. Мысалы, Құдайдан сұрасаң береді, сұра да жата бер деген секілді. Онысы дұрыс, бірақ көбінде әрекет жасау деген нәрсе айтылмайды. Алладан сұра, бірақ әрекет жаса, амал қыл дейді. Көп жерде әрекеті айтылмай қалады да, содан Құдайдан сұрасаң болды, бере салады, әрекет етіп не істеймін деген түсінік қалыптасады. Отын бұтағысы келмейді, бақша еккісі келмейді, бірақ бай болғысы келеді. Байлық тілейді, содан тілемсек болады айналып келгенде, жолдан ақша тауып алсам екен деген мистикалық ойда жүреді бала. Бір-екі рет жолдан тауып алса, менің кешегі тілегенімді берді деп, үнемі төмен қарап жүретін пәсі жастар пайда болады. Міне, сондайға дейін кетіп қалмау керек. Ал ол үшін әдебиеттерді әбден тексеруден өткізіп барып, балаға жол ашу керек. Ал тексеру үшін уақыт кетеді, бір шағын кітаптың өзін 2 айға дейін зерттейтін кез болады. Тағы бір айта кетерлігі, экономиканы көтеру үшін тәуелсіздік жылдары бізге мықты экономистер, менеджерлер, маркетологтар керек болды ғой. Енді руханиятымыздың орнын толтырамыз дегенде білім иелері керек. Молдалар керек, молда болғанда да таңнан қара кешке дейін тәспісін тартып отыра беретін емес, өте бір ілімді, праграматикалық, мықты маман керек», – дейді бұл ретте Бақтияр Есенгелдіұлы.

Бабалар «Дін – ұстай алсаң қасиетің, ұстай алмасаң, қасіретің» деп қалдырған сөзінен ғасырлар өтсе де көнермейтін үлкен мән мәнді ұғуға болады. Иә, «Дін ислам – діңгегім» деп дінді тануға кеш болмас. Бірақ, оны ұлттық болмыспен байланыстырып, ел дамуына сүбелі үлес қосар етіп тәрбиелей отырып, бойына дінді сіңірсе игі. Осыншама зор жауапкершілікті мойынға артып, ұлтқа қызмет етер кім бар? Бізде ондай мамандар бар ма? Қалай десек те, Аймағамбетов мәселені айлы аспаннан алып отырмаған сыңайлы. Дінді атасы мен әжесінен үйренген баланың да жаман болғаны шамалы сияқты. Кім білсін?!

Дәулет ҚЫРДАН

СЫР САХНАСЫНДА ЕРЕКШЕ ҚОЙЫЛЫМ

Театр – сананы сезімге, жан дүниені әсемдікке бөлейтін өзгеше құбылыс. Миыңды тынықтыратын, ішкі сезімді шынықтыратын, күйзелісті ұмыттыратын таңғажайып орта. Сыр өңіріне ғасырға жуық тарихы бар, қазақ өнерінде қайталанбас орны қалыптасқан Мұхтар Әуезов атындағы қазақ ұлттық драма театрының өнерпаздары шығармашылық сапармен келді.

Аңыз адам Асанәлі Әшімов бастаған театр ұжымы республикада үздіктердің бірі ретінде халықтың көңілінен шыққан.

Қойылым алдында театр ұжымы БАҚ өкілдеріне арнайы баспасөз конференциясын өткізіп, өнерпаздар журналистердің сұрақтарына жауап берді.

– Театр – терең ұғым. Киелі сахнада қаншама образ сомдалады. Талғампаз көрерменнің ойынан шығу тіпті бөлек әңгіме. Сын түзелмей, мін түзелмейді. Әр театрда кемшін тұсы болады. Болдық, жетілдік деуден аулақпыз. Біз бұл жаққа қонақ емеспіз. Сыр елінің мәдениетімен, әдебиетімен, өнерімен, театрымен танысу үшін келдік, – деді Асанәлі Әшімұлы.

М.Әуезов театры 4-8 желтоқсан аралығында “Қарагөз” драмасы , “Қорқыттың көрі” аңыз-дастаны, “Қоштасқым келмейді” драмасы , “Қара” және “Бес бойдаққа бір той” туындыларын көрермен қауымға ұсынатын болады.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАР ФЕСТИВАЛІ ӨТЕДІ

Облыс әкімінің қолдауымен «Inno.Fest» Qyzylorda инновациялық жобалар фестивалі өтеді. Дәстүрлі түрде өтетін жоба «SmartCity», «Контент&Дизайн», «Кино&Видео» бағыттары бойынша ерекше жоба жасауды мақсат етеді. Фестивальде көршілес мемлекеттермен қатар республиканың өзге де облыстарынан қатысушылар бақ сынамақ. Бұл туралы ақпараттық технологиялар орталығының директоры Қанат Қараев хабарлады.

– Фестивальдің негізгі мақсаты – аймақтың дамуына қажетті жаңа инновациялық идеяларды қолдау, IT бағытына қызығушылығы бар жастардың жаңа жобаларына қаржылай қолдау көрсету. Ауқымды шараға шалғай елді мекендерде тұратын ауыл жастарын тарту мақсатында 25 қараша мен 3 желтоқсан аралығында «Inno.Fest Roadshow» атты кездесулер өткіздік. Осы кездесуден кейін белсенді жастар қатары артады деп ойлаймыз. Жобаның жүлде қоры – 3 млн теңге. Сондай-ақ, әр секциядан үздік деп танылған жастарға Astana IT, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің, Болашақ университетінің, Қызылорда Ашық университетінің оқу гранты беріледі. Сондай-ақ, фестиваль серіктестері бағалы сыйлықтарын табыстайтын болады, – деді Қанат Қараев.

Ал Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Kyzylorda Hub бизнес-инкубаторының» жетекшісі Жанарыс Түбекбаев жоба ерекшілігін былай түсіндіреді.

– «Inno.Fest» Qyzylorda фестивалі жергілікті атқарушы органдардың жастарға берген үлкен мүмкіндігі деп білеміз. Осы жоба аясында көптеген жас өзінің идеясын іске асырып, қолдау тапты, білім гранттарына ие болды. Биыл да бұл жалғасын табуда. 8 желтоқсан күні қатысушылар жобалар жұмыстары секциясында барлық қажетті құралдармен қамтамасыз етіледі. Олар 24 сағат ішінде өз жобаларын іске асырып, қазылар алқасына таныстыру керек. Үздік деп танылған қатысушыны 9 желтоқсан күні студенттер сарайында анықтап, марапаттайтын боламыз, – деді Жанарыс Алтынбекұлы.

ПРОБАЦИЯ ЕСЕБІНДЕГІ ЖАСТАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮЙЕЛІ

Пробация есебіндегі жастармен жүйелі жұмыс жүргізу, психологиялық кеңес беру, діни сауатын жетілдіру мақсатында сала мамандарымен дөңгелек үстел өтті.

Шараны облыстық жастар ресурстық орталығының директоры Талғат Тілес ашып, орталықтың қызметі мен мүмкіндіктері, жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы толық мағлұмат береді. Сонымен қатар, облыстық дін мәселелерін зерттеу орталығының аға маманы, теолог Б. Сәрсенбайұлы жастарға экстремизм мен терроризм тақырыптарында ақпарат беріп, деструктивті діни ағымның, жат ағымның зардабы туралы баяндады.

Сондай-ақ, облыстық жастар денсаулығы орталығының психологы Е.Әбсамат орталық анонимді түрде медициналық, психологиялық қолдау көрсететіндігін жеткізді.

САЛАДА СЕРПІН БАР

Бүгінде Қызылорда облысында 410 мәдениет, өнер, архив және 41 спорт мекемесі халыққа қызмет көрсетуде. Сондай-ақ жыл басынан бері 2 мәдениет нысаны және 6 спорт кешені пайдалануға берілді. Ал жыл соңына дейін 3 мәдениет нысанының және 5 спорт кешенінің құрылысын пайдалануға беру жоспарлануда. Бұл туралы облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Мира Қазбекова баяндады.

– «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Тереңөзек кентіндегі «Сырдария» спорт клубының ғимаратына, Шиелі ауданы Көкшоқы шағын ауданындағы спорт кешенінің ашық алаңына, Жаңақорған ауданы Әбдіғаппар ауылдық клубына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Отбасылық құндылықты нығайту, жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беру және заманауи қазақ анасының бейнесін қалыптастыруға бағытталған «Анаға тағзым» және «Отбасы» орталықтары есігін ашты. Аймақ басшысының бастамасымен көпфункционалды 1000 орындық «Өнер» орталығының құрылысы қарқынды жүргізілуде, – деді Мира Жомартқызы.

Облыс әкімдігінің қолдауымен және өнерсүйер қауымның зор ықыласымен түрлі бағыттағы мәдени және спорттық іс-шаралар, өнер байқаулары, жаңа жобалар ел назарына ұсынылуда. Мәселен, жыл басынан бері облыстың мәдениет мекемелерінде 14 905 шара,118 концерт, 189 спектакль өткізілсе, 1322 бұқаралық спорттық іс-шара ұйымдастырылды.

– Мүмкіндігі шектеулі өнерпаздарымыздың шығармашылығын шыңдауға арналған «Арман» инклюзивті театры іске қосылды. Бұған дейін Қызылорда қаласы әкімдігі жанында үйірме ретінде жұмыс істеп келген «Жастар театры» өз алдына кәсіби ұжым ретінде қайта құрылды. Өңірде классикалық өнерді дамыту, көрермендерге концерттерді жанды дауыста ұсыну мақсатында облыстық филармонияда кәсіби музыканттардан құралған симфония оркестрі жұмысын бастады. Оркестрге Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мүсілім Әмзе жетекшілік жасайды. 21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай облыс әкімінің мәдениет және әдебиет өкілдеріне арналған арнайы «Тұран» сыйлығы табысталып, мәдениет ұйымдарындағы 8 ұжымға 40 домбыра берілді. Ақындыққа бейімі бар балаларды айтыс өнеріне баулу, шыңдау мақсатында тұңғыш рет «Айтыс олимпиадасы» облыстық балалар мен жасөспірімдер айтысы өткізілді. Сонымен қатар республика көлемінде тұңғыш рет Сыр жас ақындарының Алматыдағы Поэзия күндері өтті, – деді басқарма басшысы.



«Bilim-Life»: Болашақ бүгіннен басталады

Бұл – жоғары білім алуға арналған сақтандыру полисі. Жобаның артықшылығы сол, кез келген ата-ана баласын елдегі немесе шетелдегі жоғарғы оқу орнында оқытуға қажетті соманы жинақтауға мүмкіндік алады. Кепілдендірілген кіріс, жыл сайынғы мемлекеттік сыйақы, жинақтау мерзімінде өмірді сақтандыру секілді артықшылық тағы бар.

– Әрине, «Bilim-Life» сақтандыру нарығындағы бірегей сақтандыру өнімі екені даусыз. Оның пайда болуы еліміздегі сақтандыру саласындағы нағыз серпіліс болғаны анық.

Жасыратыны жоқ, халықтың қаржылық сауаттылықты игеріп, ұзақжылдық жоспар құруға икемделе бастағанына көп болмады. Бұған дейін қолында бар немесе күні бұрын қоғам райын болжай білетіндер болмаса, былайғы жұрт ақша сақтауға әуес емес-ті. Ал баланың болашағы мен біліміне инвестиция құю әрі сақтандыру тіпті ойда болмаған. Алайда уақыт өзгерді, әлемдік үрдіске ену кезек күттірмейтін қадамға айналған. Осы орайда «Халық-Life» АҚ мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі ұсынған «Bilim-Life» жобасын қолға алды.

Өйткені бүгінге дейін Қазақстанда бірде-бір сақтандыру қызметі мемлекет тарапынан сыйақы алған жоқ. Әлеуметтік маңызын ескере отырып, сақтандыру қоғамдастығы мен мемлекеттік институттардың белсенді жұмысының арқасында бізде мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі аясында жаңа мақсатты сақтандыру өнімі пайда болды. Ата-аналардың болашақта баласына берік іргетас қалауы мақсатында, оған жақсы білім беріп, оның ересек өмірге дайын болуы қаншалықты маңызды екенін бәріміз түсінеміз. Енді міне кез келген қазақстандық ата-ана баласын оқытуға «Bilim-Life» сақтандыру бағдарламасының арқасында жинақтау сомасына 5% мөлшерінде мемлекет сыйлықақысын ала алады, ал көпбалалы ата-аналар жылдық 7% қаражат жинақтай алады.

«Bilim-Life» сақтандыру шартын жасасу үшін екі құжат жеткілікті. Алдымен баланың ата-анасының біреуінің жеке куәлігі мен баланың туу туралы куәлігі. Мұндағы ең төменгі айлық жарна үш айлық есептеуі көрсеткіш шеңберінде бекітілген. Яғни, 2023 жылы Қазақстанда АЕК 3450 теңге көлемінде белгіленсе, бұл – 10350 теңге», – деді «Халық-Life» АҚ Қызылорда қаласындағы филиалдың сату жөніндегі бас менеджері Ләззат Тлеубаева.

Байқағанымыз, аталған сақтандыру полисін пайдалану оңай. Алдымен, жинақтау сомасы мен мерзімін, жарнасын нақтылау қажет. Кейін кесте бойынша жарналарды төлесеңіз болғаны, балаңыздың уайымсыз білім алуына жол ашасыз. Ал бала мемлекеттік немесе жеке ұйымдардың оқу грантын иеленсе, жинақталған ақшаны кепілдендірілген кіріспен және мемлекет тарапынан берілетін сыйақымен бірге алуға құқығыз бар. Міне, бұл сақтандыру саласындағы серпін екені сөзсіз.

– «Bilim-Life» бойынша сақтандыру жарналарының мөлшері айына ең аз дегенде 3 АЕК-тен басталады. Мысалы, ата-ана қазір 7 жастағы баласына «Bilim-Life» бағдарламасы бойынша 10 жылға шарт жасауды ұйғарды делік. Оның 17 жылдығына орай білім алуға жеткілікті соманы, яғни 10 млн теңгені алу үшін оларға ай сайын 42 мың теңгеден жарна салып отыру қажет. Жинақтау мерзімі аяқталғаннан кейін бұл сома бала оқитын білім беру мекемесінің шотына түседі», – дейді Ләззат Мырзағалиқызы.

Расында, бұл қадам өте тиімді. Өйткені салымшы белгіленген мерзім аяқталған соң жинақталған қаражатына сақтандыру компаниясының кірістілігі (2,3 млн теңге) және мемлекеттен сыйлықақы (2,6 млн теңге) есебінен қомақты қосымша соманы алатын болады. Сондай-ақ «Bilim-Life» бағдарламасы бойынша ата-аналар қандай да бір қолайсыз жағдайға тап болса, жоғары оқу орнына түскен кезде барлық соманы алуға кепілдік беріледі.

Р.МАҚСҰТ

НЕСИЕГЕ ТОЙ ЖАСАУ ДҰРЫС ПА?

«Той – қазақтың қазынасы». Ықылым заманнан халқымыз ұлан-асыр той жасауды үрдіске айналдырып келеді. Әлбетте, пейілі кең, көңілі ақ, ниеті таза халқымыз қуанышын көппен бөлісіп, арқа-жарқа болып, ағайынның басын қосуды құп көреді. Бұрын әр тұсқа киіз үй тігіп, қазан асып, көрші-қолаң, тума-туысты жинап, думандатып той өткізу қонақжайлылық пен кеңдікті айқын көрінісіндей еді. Бай-бағланға ұқсап отыз күн ойын, қырық күн тойын өткізбесе де, қолындағы барына қанағат етіп, жақсылыққа дастарқан жайып, көп тілегін місе тұтатын. Бәлкім, бүгінгі бәсекенің салған «бүлігі» болар, әйтеуір бірі-бірінен қалмай, дүркіретіп той жасауды дәстүр етіп бекітіп қойғандай. Аста-төк той жасап, көзсіз ұрынудың қажеті бар ма?

Бүгінде бақталастық пен бәсеке бәрінен озып тұр. Тойдың түрі көп. Әсіресе, үйлену тойын өткізу үшін барын салатындар жетіп артылады. Әлбетте, өмірде бір болатын тойға қаларлықтай өткізіп, ұлы тойға ұластыруға болады. Десек те, «ұят боладының» ұясынан шыға алмай, көптің қаңқу сөзіне бола несиеге кіріп, қарыз қармағына ілінудің жөні жоқ секілді. Шашылмай-ақ шағын ғана ұйымдастырып, көрпеге қарай көсілу тиімді. Өзгелер сырттан сөз еткенімен, алдыңызға келіп «кішігірім той жасадың» деп күстаналап, келеке етпесі рас. Несібесін несиеден көріп, той жасайтындар көп. Азық-түліктің аспандаған бағасын қосып, шағым айтып, дастарқан мәзірін қоспағанның өзінде, хан сарайындай кең, салтанаты жарасқан мейрамхана бағасы шарықтап тұр. «Тойдың көркін қыздырып, жақсы жүргізеді» деген асабалар да ауыз ашатын бағаны айтады. Енді оған әнші-бишілерді қосып көріңіз. «Кімнен кеммін?!» деп өзгеден қалыспайтындар әншілерді, тіпті шетелдік жұлдыздарды шақыруға құмар. Қырсыққанда, көпшілігінде үйдің жөндеу жұмыстары үйлену тойымен қабаттасып кетеді. Қысқасы, «тойдың боларынан боладысы қызық» деп, бәріне жақын қалғанда қозғалып, шашылу да, шаршау да сол уақытта басталады. Ұсақ-түйекті, қалған қажеттіні сөз етпегенде қаржысыз ештеңенің бітпейтіні бесенеден белгілі. Сосын қолдағыны жиыстырып, жетпегеніне банк жағалап жүретін жайы бар.



Несиесіз той жасау мүмкін емес. Көзсіздікке ұрынып, қарызға белшеден батудың керегі жоқ. Ысырапшылдықтың ырқына көнбей, салт-дәстүрдің негізін жоғалтпай, әдемі той жасауға болады.

Той деген тап бір «кімнің кім екенін» көрсететін алаңға айналғандай. Әлеуметтік желідегі бейне-жазбалардан асып-тасқан ауқатты адамдардың миллиондап ақша шашып, көздің жауын алар тойларында байлығы да жұртқа жария болады.

«Жұрттан қалмайық» деген ұстанымның карантин кезінде салмағы жойылғандай болды. Бәлкім, расымен деп құптарсыз, мүмкін, амалсыздан деп ақтарсыз… Дүркіретіп той жасап, көп адамның жиналуына тыйым салынғанда ет жақындардың ғана бас қосып, екі жастың некесі қиылып, салт-дәстүрге сай жаңа түскен келіннің беташары өткізілді. Шаш етектен шығын кетпей, қарызға батпай, жөн-жоралғы да ұмытылмады. Сонда «бізде той болмады» деп қиғылық салып, үйленбей қалғандар жоқ. Керісінше, карантин кезінде көбісі шаңырақ көтеріп, бақытты отбасының негізін қалады. Демек, тойдың болуы не болмауы, қарапайым не дүркіреп өтуі бақытты болуға бөгет емес.

Той – таршылықтың емес, тоқшылықтың нышаны. Сонда да жөн-жосықсыз шашылу, ысырапшыл болу да ырысты арттырмайды. Той тақырыбының төңірегінде тиегін ағытар жайт көп. Бұл соның бірі ғана.

Гүлназым БАЛТАБАЙ

ЛОГИСТИКА – БИЗНЕСПЕН ЕГІЗ ҰҒЫМ

Әлем күн санап өзгеріп, дамып келеді. Бүгінгі жаңамыз ертең жағаға шығып қалғанын байқап үлгермей жатамыз. Еңбек нарығында кейбір мамандыққа сұраныс азаяды, тіпті керек болмай қалып жатады. Сәйкесінше, мамандықтар жаңарып, бұрын-соңды естімеген атаулар пайда болуда. Сондай мамандықтардың бірі – логистика.

Логистика – заман мамандығы. Яғни, экономиканың бөлігі және өндіруші мен тұтынушы арасындағы өнімдер, қызметтер мен тауарлар айналымын оңтайландыруға көмектесетін бизнес саласы. Қазіргі кәсіпте мамандық стратегиялық маңызды рөл атқарады.

Логистика ұғымы – іскерлер қауымы жиі қолданатын сөз. Өйткені ол шикізат, материал, өндіріс, еңбек, дайын өнімді өндірушіден тұтынушыға дейін жеткізудегі қозғалыстың көпірі.

Бұл мамандық тауар нарығымен тікелей байланысты. Көлік логистикасына өнімнің қозғалысына қатысты барлық ұғым кіреді. Қазақстанның дүниежүзілік нарыққа енуі үшін кәсіби логистердің елге келуі маңызды. Табысты кәсіпорынды дамыту осы мамандарсыз мүмкін емес. Аталған сала үшін уақыт пен қаржылық ресурстарды үнемдеу кезек күттірмейтін қадам. Былай қарасаң, қиын ештеңе жоқ сияқты көрінуі мүмкін.

Өзім логист мамандығы бойынша білім алудамын. Ал, ол көптеген тәуекелдермен сипатталады. Уақытында жеткізілмеген өнім тек шығын емес, сонымен қатар тұтынушы сенімін жоғалтады. Кедендік құжаттар дұрыс ресімделмеген жағдайда тауарларды шекарадан өткізуге рұқсат етілмейді. Сондықтан логист мамандығы маңызды шешімдерді дер кезінде қабылдай алатын адамға лайық. Адам өмірде екі нәрседен қателеспеу керек деп жатады, соның бірі – мамандық таңдау.

Адамның өзі, өмірге деген көзқарасы, қабілеті жыл өткен сайын өзгеруі мүмкін, алайда қалауын тапқан адам ғана кәсібінен ләззат алады.Логистика мамандығы келешектің саласы екеніне көз жеткізген соң, осы мамандықты таңдап, өткен жылы И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық колледжіне оқуға түстім. Қазір үлкен сұраныскқа ие және табысты маман болуды мақсат етемін. Оқу орны да, дәріс беріп жатқан ұстаздарым да өзіме ұнайды. Болашақта білімімді ұштап, өркениетті еліміздің гүлденуіне үлес қосуға асықпын.

Зивара ТҰРСЫНБАЙ

ӘЙЕЛДІҢ ОРНЫ ҚАЙДА?

Қазақ ер-азаматты шаңырақтың иесі санаса, әйелді отбасының алтын қазығы деп құрметтеген. Ал отбасы ұғымы ер мен әйелдің бірлескен одағынан туады. Қай қоғамда да отбасы мемлекеттің негізгі бөлшегі. Басты қозғаушы күші. Оның әлеуметтік жағдайы, тыныштығы, берекесі мен ұрпаққа берер тәрбиесі – қоғам алдындағы негізгі мәселелердің бірі.

Қазақ қай заманда да әйелді отбасының ұйытқысы санап, берекесі деп білген. Себебі ұлтты тәрбиелейтін осы қыз-келіншектеріміз. Бірақ олардың ішкі қажеттілігі мен жан дүниесінің қалауына ер-азаматтар қарсы келіп жатады. «Әйелдің орны ошақ қасы» деген сынды рухани кедергілер әлі де бар. Отбасындағы теңдік бірінші сол әулеттегі әйелге көрсетілетін құрмет, сыйластықтан басталуы тиіс. Әттеген-айы, көптеген отбасында әйелдің көзқарасымен, ойымен санаспайды. Ер-азаматтар тарапынан психологиялық зәбір көретін келіншектердің саны да баршылық. Тіпті кейбір отбасыда әйелін тек туыс-туғанымен ғана араластыратын жағдайлар кездеседі. Ойын айтуға тыйым салып, орнын көрсетумен келе жатқан азаматтар да, өкінішке қарай бар.

Одан кейінгі ең өзекті мәселе, тапқан табысын әйелінің қолына ұстатпауы. Бұл да отбасындағы түрлі ұрыс-керістің негізгі себебі. Әйелді кемсітудің бір түрі. Ақша кімде болса, билік те соның қолында деген шала қағиданы ұстанады. Соның салдарынан ажырасып жатқан жастар да жетерлік. Ғасырлар бойы үйдің асыраушысы – ер адам, ал ерінің тауып әкелгенін ұқсатып, іске асырушы, жаратушы – әйел адам деген түсінік қалыптасты. «Ер адам – түздікі, әйел адам – үйдікі» деген сөз соның айғағы.

Отбасындағы берекенің орнауы, рухани теңдіктің көрініс табуы әйел мен ердің ғана емес, ұрпақтың тәрбиесіне де оң әсер етеді. «Бір жылын ойлаған ел бидай, он жылын ойлаған ел жеміс ағашын, мәңгілігін ойлаған ел ұрпағының жүрегіне ізгіліктің дәнін егеді» деген халық даналығы бар. Ал ізгілік отбасынан басталады. Отбасындағы мейірім, шаттық, жылылықты бойына сіңірген баланың болашағы жарқын, еліне берері мол болмақ. Ғабит Мүсірепов айтқандай, «Қазақ әйелі аз ғана жәрдем бергеніңді ұмытпайды, тез еселеп қайтаруға тырысады». Әйелге көрсетілген қолдау, күллі қоғамды өзгертуге септігін тигізері анық.

Ғазиза ТӨЛЕУҒАЗЫ

Ойландырған «Оян, Қазақ!»

«Оян, қазақ!» – белгілі киномотограф Мұрат Есжанның продюсерлігімен түсірілген фильм. Халықтың оң бағасын алған кино 6 бөлімді сериалдың қысқа нұсқасы. Екі апта кино әлемінде болып, кейін алаңдардан алынып тасталған соң көрермен қалауымен қайта жарыққа шыққан болатын. Үш күнде 107 миллион теңге кассалық қаржы жинаған туынды көрерменнің жүрегінен орын алды.

Буыны қатпаған жастардың тарихи туындыны қызыға қарағаны қуантады. Қысқаметражды нұсқа барлық жастағы көрерменге өте қызықты әрі түсінікті болған секілді. Халықтан кері байланыс та аз болған жоқ. Кез келгеннің жүрегіне жетіп, еліне, туған жеріне деген махаббатын оятпай қоймады. Қан мен тердің арқасында келген тәуелсіздіктің қыспаққа толы заманнан өткенін айқын көрсетті. Алаш зиялыларының мәңгілік өшпес ізін айқындады.

Кинотеатр ішінде отырған халықтың жүрегін сыздатып, көрермен көзіне жас алды. Ұлы тұлғаларымызға деген мақтаныш, құрмет пен махаббатты берік орнады.

Көрермендер арасында еңкейген қариядан, еңбектеген жас балаға дейін байқайсың. Яғни, жас талғаған жоқ. Бұл кино тарихқа, білімге деген қызығушылығымызды да арттырды. Біз естіп жүрген қилы заманды көзбен көріп, сол сәтке бір мезетте орала алдық. Фильмнің ерекшелігі де сонда, көзбен елестетіп керегі жоқ, бәрін көз алдында айдан анық таспалады.

Алдағы уақытта Алаш өкілдерінің әрбіріне фильм түсірілсе деп көрермен сұраныс артуда. Айта кетсек, “Qazaqstan” ұлттық арнасының тапсырысымен түсірілген “Оян Қазақ” секілді тарихи сериалдар қатарында “Ахмет. Ұлт ұстазы”, “Мағжан. Мен жастарға сенемін!”, “Ғасырдан асып туған Мұқағали”, “Қаныш қазына”, “Әлкей. Ғұлама ғұмыр” кіреді.

Отансүйгіштік пен адамгершілік – адамзатқа берілген асыл қасиет. Қысқа ғана фильмнен өмір бойына жететін азық алуға болады. Тәуелсіздік тарландарынан кейінгі ұрпақ насихаттауды, дәріптеуді дәл осылай қолға алуы тиіс.

Әнел САЛМАН

КУБАДАН КЕЛГЕН ҚҰРАМ

Қонақтар қатарында барлығы 9 былғары қолғап шебері мен екі жаттықтырушы бар. Олардың арасында әлем чемпионатының және Панамерикалық чемпионаттың қазіргі финалистері, көптеген халықаралық турнирлердің жеңімпаздары мен жүлдегерлері кездеседі. Негізгі екпін олимпиадалық салмаққа аударылған.

Куба құрамасының бас жаттықтырушысы Карлос Мануэль Перес Рейестің айтуынша, боксшылардың арасында тәжірибелі спортшылар да, жастар да бар.

«Біз Қазақстанға алғаш рет келген жоқпыз. Бізде бокста елдер арасында жақсы достық бар. Сондықтан командамызбен бірлескен оқу-жаттығу жиынын өткізу, сонымен қатар Ғалым Жарылғаповты еске алуға арналған дәстүрлі турнирде өз өнерімізді көрсету туралы шешім қабылдадық. Мен өз атымнан және Куба құрамасының атынан Қазақстанға шақырғаныңыз үшін алғыс айтамын, – деді жаттықтырушы.

Қазақстан құрамасының бас жаттықтырушысы Мырзағали Айтжановтың тәрбиеленушілері мен Азаттық аралынан келген қонақтардың қатысуымен Қарағанды қаласында 4-16 желтоқсан аралығында оқу-жаттығу жиыны өтеді.

17 желтоқсанда Қарағандыда Қазақ КСР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Ғалым Жарылғаповты еске алуға арналған XXXIX халықаралық турнир басталады. Ерлер мен әйелдер арасындағы үздіктер 21 желтоқсанда анықталады.

Жалпы, бокс туралы айтқанда алдымен Куба бокс мектебі ойға оралады. Аталған елдің былғары қолғап шеберлерінің Қазақстанға келуі де күш сынасу ғана емес, тәжірибе алмасудың бір тәсілі болса керек. Ендеше «Бостандық аралының» боксы жайлы бірер сөз айту жөн секілді.

Кубадағы бокстың дамуы Альсидес Сагарраның есімімен тікелей байланысты. Ол 1960 жылы Куба бокс қауымдастығының негізін қалады. Төрт жылдан кейін ұлттық құраманың тізгінін ұстады. Альсидес Сагарра Куба боксына өзіндік өзгеріс енгізді. Боксшы үшін алдын-ала төрт жылға жоспар құрылатын болды. Әртүрлі жаттығудың жаңа түрлері қосылып, көлемі мен уақыты ұлғайды. Басты мақсат – төрт жылда бір келетін Олимпиада шыңына шығу.

Тарихқа көз жүгіртер болсақ, Куба боксшылары Олимпиада ойындарының тарихында ең көп медаль алған екінші мемлекет (АҚШ-тан кейін). Олимпиада ойындарында кубалықтар 34 алтын, 19 күміс, 14 қола медаль жеңіп алған. Барлығы 67 медаль. Бірақ кубалықтар Олимпиадаға 1960 жылдан бастап қатыса бастады. Альсидес Сагарра баптауымен 1964 жылдан 2000 жылға дейін 46 Олимпиада жүлдесін иеленді. Оның 27-сі алтын, 12-сі күміс, 7-еуі қола. 1992 жылы Барселонада тоғыз бірдей Куба боксшысы финалда қолғап түйістіріп, жетеуі алтын жүлдені жеңіп алды. «Жеңіске құштарлық, жігер, еңбекқорлық, соңына дейін күресу, Отанға құрмет әрбір кубалықтың бойынан табылады. Бұл – спортшы үшін керекті қасиет» деп даңқты бапкер Альсидес Сагарра Куба боксының жетістігін осылай түсіндіреді.

Куба елінде спорт Фидель Кастроның билікке келуімен жолға қойылды. Оған дейін «Бостандық аралының» спортшыларына шетелдердегі жарыстарға қатысу арман болатын. Ал жас талантты боксшыларға жағдай бірден жасала қойған жоқ. Соған қарамастан, кубалық боксшылар әлемді мойындата білді.

Қазақстанға бокстан Кубаның ерлер құрамасы келді. Бостандық елінің боксшылары еліміздің былғары қолғап шеберлерімен бірге оқу-жаттығу жиынына қатысып, Ғалым Жарылғаповты еске алуға арналған халықаралық турнирге қатысады.

Әлемді мойындатқан Куба боксы жайлы сөз қозғалса, ойымызға бірінші кезекте Теофилио Стивенсон мен Феликс Савон түседі. Бұл екі боксшының да есімдері спорт тарихында алтын әріптермен жазылып тұр. Тарихта Олимпиада ойындарын үш рет ұтқан үш-ақ боксшы бар. Олар - венгр боксшысы Ласло Папп және кубалық - Теофилио Стивенсон (1972, 1976, 1980) мен Феликс Савон (1992, 1996, 2000). Бұл екі боксшы Куба боксын әлемге танытқан бірден-бір тұлғалар. Анхель Эррера, Ариель Эрнандес, Гильермо Ригондо, Эктор Винент, Марио Кинделан сынды былғары қолғап шеберлері 2 реттен Олимпиада алтынына ие болды.

Бокстан тұңғыш әлем чемпионаты да 1974 жылы Куба астанасы Гаванада өткен. Әлемнің 45 мемлекеті қатысқан додада кубалықтар алдына жан салмаған. Жалпы Олимпиада тарихында ең көп медальді АҚШ құрамасы иеленген болса, әлем чемпионатының тарихында Куба боксшылары көш бастап тұр. Кубалықтар осыған дейін өткен 17 әлем чемпионатында жалпы 122 медальға ие болды. Оның 67-сі алтын, 31-і күміс, 24-і қола медаль.

P.S. Міне, Куба бокс мектебінің өкілдері елге келді. Демек алда тартысты бәсеке, қызықты кездесу болары сөзсіз. Отандастардың бабын байқап, қонақтардың қарымын көретін сәтті құр жібермейік.

СПАРТАКИАДА ӨТТІ

Астанада Жақсылық Үшкемпіров атындағы жекпе-жек сарайында таеквондодан VI Спартакиада өтті. Төрт жылда бір рет ұйымдастырылатын айтулы дода үш күнге ұласып, 179 спортшы өз әлеуетін сынады

Спартакиада сайысына жазғы Азия ойындарының қола жүлдегері Смайыл Дүйсебай, Рио, Токио Олимпиадаларының қатысушысы Руслан Жапаров, жазғы Универсиада ойындарының чемпионы Рита Бакишева сынды үздіктер де қатысып күшін бағамдады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттаған Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев финалдық айқастың тартысты өткенін айтты.

«Өңірлерден келген спорт шеберлері өзара күш сынасып, жанкүйерлерге шеберлігін паш етті. Жарыс барысында төрешілер әділ жұмыс істегенін, ал ел спартакиадасы жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап өткен жөн. Спортшылар жарқын жеңістерімен шын жүректен құттықтаймын. Ендігі кезекте намысты қолдан бермей, әлемдік сайыста үздіктер қатарынан көрінуіне тілектеспін», – деді министр.

АУСТРАЛИЯДА БАҚ СЫНАЙДЫ

Келер жылы болатын Аустралия ашық чемпионатына еліміздің атынан Әмір Омарханов пен Асылжан Арыстанбекова қатысады. Жасөспірімдер арасындағы «Үлкен дулыға» турнирі 20-27 қаңтар аралығында өтеді.

Қазақстан теннис федерациясы хабарлағандай, Даниал Рахматуллаев, Виталий Зацепин, Ілияс Маратұлы және Айя Нұпбай іріктеу сайыстарында бақ сынайды.

Қарағанды теннис мектебінің түлегі Әмір Омарханов – 16 жаста. Ол жасөспірімдердің әлемдік рейтингінде 55-орында тұр. Әмір ITF Juniors санатында өткен жарыстарда жекелей және жұптық сында бес реттен жеңімпаз атанған.

Ал Алматы теннис мектебінің түлегі, 17 жастағы Асылжан Арыстанбекова рейтингте 68-сатыда келеді. ITF Juniors додаларындағы жекелей сында бір рет чемпион болған Асылжан жұптық сында 13 титулға қол жеткізген болатын.

«ШАХМАТ КЕРУЕНІ»: НҰРМҰХАММЕД – МИЛЛИОНЕР

Астанада 10 қыркүйек күні жолға шыққан «Шахмат керуені» екі айдың ішінде 14 мың шақырым жол жүрді. Барлық қаланы аралап, жартылай финалда 1800 партия ойналып, 400 шахматшы 60 күн бойы өзара бақ сынасты. Мақсаты – шахматқа қызығушылықты ояту, әр қалада шахмат орталығын кеңейтіп, насихаттау. Қазір кез келген қалада ҚШФ филиалы бар. Ойынды үйренгісі келген балаларға әрдайым есік ашық.

Жарыс Көкшетауда басталып, Ақтау қаласында аяқталды. Керуен еліміздің түкпір-түкпірінен келген шахматшылардың басын біріктірді. Бір қызығы, ойын жылжымалы киіз үйдің ішінде өтті. Әр қаланың жеңімпазына «Қыздар арасындағы үздік нәтиже», «16 жасқа дейінгі үздік ойыншы», «50 жастан асқандар арасындағы үздік қатысушы» деген сыйлық берілді. Керуенді әр қала қуана қарсы алыпты. 11 айналымнан тұратын блиц-турнирде жүлделі орын алған үш үздік шахматшы 10 қараша күні Түркістанда өткен бас шахмат турнирінде өз аймағының намысын қорғаған. Ақтық сында жиырма қаладан 60 әуесқой шахматшы бақ сынады. Сүлейман Ахмет III орын алса, Борис Черкасов II орын, Нұрмұхаммед Қабиназар I орын алып, 5 млн теңге ұтып алды. Ол Алматыдағы Білім инновация лицейінде 7-сыныпта оқиды.

«Шахмат керуені» өте жоғары деңгейде өтті. Жобаның мақсаты – үлкенді де, кішіні де шахматқа тарту. Жоба мақсатына жетті деп айта аламын. Нұрмұхаммед турнир бойынша өзін өте байсалды ұстады. Шешуші кезеңде қобалжыды. Әрине, уайымдап отырдым. Турнир бойы лидер болып келіп, ақтық сында жеңіліп қалар ма екен деп қорықтым», – дейді анасы Нұргүл.

Чемпионды жеңісімен құттықтап, әңгімелескен едік.

– Ойын жылжымалы киіз үйде өтті. Керегесі жартылай ашық, спортшының ойына кедергі келтірмейді. Шахмат тақтасының артында не болып жатқаны көрініп тұрады. Шахматты алғаш рет төрт жасымда анам үйретті. 1-сыныпта жарты жылға жуық мектептегі тренерден сабақ алдым. Сосын Жансая Әбдімәлік академиясының шәкірті атандым. Алғашқы тренерім – Мейіржан ағай. Одан кейін Александр Кашашвили жаттықтырды. Қазіргі тренерім – Артур Чибухчян. Шахматты жақсы көргендіктен шығар, үйрену қиын болған жоқ.

Ойын болғасын бірде жеңіп, бірде жеңілесің. Жеңілген ешкімге ұнамайды. Бірақ әрқашан соңына дейін берілмеу керек. Шахматтан ата-анамның хабары бар, ойнай алады. Ортаншы інім Асанәлі де ойнайды. Жарыстарға жиі қатысам деп айта алмаймын. Мүмкін болса, тәжірибе алу үшін қатысуға тырысамын. 2019 жылы Түркияда 9 жасқа дейінгі мектеп оқушылары арасындағы әлем чемпионатында бақ сынадым. Былтыр Грузияда 12 жас санаты бойынша Кадеттер арасында әлем чемпионаты, Арменияда өткен халықаралық «Мемориал Карен Асриян» турнирінде, Петросян атындағы жас шахматшылар фестивалінде, Сербияда өткен «Парачин», «Мемориал С.Глигорич» сынды дәрежелі жарыстарда мықтылармен ойнап, тәжірибе жинадым. Биыл Грекияда өткен мектеп оқушылары арасындағы әлем чемпионатында 4-орын және Ташкентте өткен Азия чемпионаты бесінші және жетінші орын алдым.

«Шахмат керуеніне» қатты дайындалдым дей алмаймын. Қарсыластарымның арасында бұрын да ойнап жүрген оқушылар болды. Ойын өзім ойлағандай өтіп, тек кейбірі ғана қиын болды. Сыйлығымның бір бөлігін инвестиция жасаймын, қайырымдылыққа жұмсаймын. Қалғанын әкеме беремін және өзіме жұмсаймын. Алда Қазақстан чемпионаты бар.

Керуенде мықты ойыншыларды көрдік. Шахмат жасқа қарамайды. Мысалы, үнді-американдық шахматшы Абхиманю Мишра – шахмат тарихындағы ең жас гроссмейстер. Бұл атаққа 12 жасында жеткен. Он жасында ең жас халықаралық шебер атағын алды. Энрико Паоли – 88 жасында гроссмейстер атанған итальяндық шахматшы, халықаралық шебер. Шахматқа қызығатын достарымды ойынға шақырамын, – дейді Нұрмұхаммед.

«СЫР БАРЫСЫ» ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Сыр спортының саңлағы – Нұрым Сәлімгереев. Ес білгеннен спортты жанына серік етіп, алдына қойған мақсатын нәтижеге айналдырып, талай бәсі биік бәсекеде топ жарған жерлесіміз Шиелі ауданының жастарымен кездесті.

«Қазақстан барысы» додасы жастардың бұқаралық спортты серік етуіне, ұлттық құндылықтарды жоғары қойып, қазақ күресі спортының тынысын ашуға үлкен серпін беріп келеді.

Ұлт тарихымен тығыз байланысты қазақ күресінен республикалық, халықаралық ареналарда көк туды желбіретіп, Гимнді шырқатуы сырбойылық жерлесіміздің жемісті еңбегі екені рас.

Бетті дайындаған Б.ШАҒЫРОВ

«Monochrome» СТУДИЯСЫ: 6 жылда 120 нысан

Қазір көл-көсір табыс табу төгілген термен өлшенеді. Көрнекті көрініс тарту ететін интерьер-дизайнердің еңбегі де инемен құдық қазғандай. Түрлі техникалық аспектіні меңгеріп, әр жаңаны ой сүзгісінен өткізетін талантқа талас жоқ. Астана қаласындағы «Monochrome» студиясының ұжымы әр нысанға озық үлгімен өң беріп жүр. Ісіне ынтаықыласпен қарайтын жас архитектор, интерьер-дизайнер Ақмейір Абуғали өз ойымен бөлісті.

Инженерден – архитектураға

2000 жылы Астанада қарқынды құрылыс болғаны есімде. Кішкентай болсам да аңғарымпаз, өте байқағыш бала болдым. Крандарды, құрылыс бетон қораптарын, қызғылт-сары дулыға киген құрылысшылар ісі қызықты көрінді. Қызу жұмыс маған шабыт сыйлайтын. Тіпті 9-10 жасымда жаңа тұрғын үй кешенінен әртүрлі кітапша жинап, пәтер сызбасын дайындауға әуес болдым. Сол кезде мұның бәрін кім жасайтынын білмей, инженер деп ойладым. Осылайша кішкентай қыздың арманы сәулет және құрылыс факультетіне түсуіне түрткі болды. Қалауымды қолдаған, таңдауыма түсіністік танытқан ата-анама алғыс шексіз. 5 жыл оқуда жүріп, өмір мектебінен өттім. Түнімен ұйықтамай, көз майымды тауысып сызба әзірлеу оңай емес. Бірақ мамандыққа махаббатым ерекше.

Архитектура – жауапты мамандық. Жүрдім-бардым жұмыс істеуге болмайды. Бәрін адам игілігі үшін жасағандықтан, олқылыққа жол бермеу маңызды.

Жайлы атмосфера жасау маңызды

Белгілі бір нысан көрінісін тартымды етуге жоғары талғам керек. Идея иелігінде, ой шеңберінде жүріп сызба-құрылымын жасаймыз. Міндетіміз тұтынушы үшін функционалды, қауіпсіз және әдемі үйлесімде кеңістік құру. Жобалау үшін объектінің күрделігіне байланысты орта есеппен 30 жұмыс күнінен немесе одан да көп уақытты аламыз. Әрбір жобаға күш-жігерді, уақытты сарп етеміз. Әрине, мұның бәріне тәжірибе мен қабілет қажет. Сонда ғана көздің жауын алатын, жайлы атмосферасы бар тың дүние жасалады.

«Тренд» түсінігін ұнатпаймын

Әр кеңістікті әр адамға оның өмір салтына, талғамына және тұрғын үй немесе коммерциялық кеңістік форматына қарай жинау керек деп санаймын. Сондықтан «тренд» ұғымын мүлде ұнатпаймын. «Соңғы үлгідегі дизайн мен стиль осы екен» деп, еркін мен қалауыңа қарама-қайшы келуге болмайды. Жаныңа жаққаны қайсы соған назар аударған дұрыс. Бірақ үлкен қажеттілік әрқашан нео-классикада болған және болуы мүмкін деп айта аламыз. Неоклассика әртүрлі, әрқайсысы өзінше түсіндіреді. Яғни классикаға жақын, кейде өте заманауи. Дизайнды мұқият зерделеген дұрыс. Бұл жобаның жіптіктей әрі мінсіз жүзеге асуына негіз. Ең бастысы – дұрыс эргономикалық кеңістік. Онда әрбір қозғалысыңыз ойластырылған және сапалы, қауіпсіз өмір сүру үшін барлық өлшем ескеріледі.

Шығармашылықты автоматтандыру қиын

Студия 6 жыл ішінде өз стилі мен сүйікті тұтынушысын қалыптастырды. Олар бізге жиі тапсырыс беріп, жылы лебізін айтады. Демек бұл жұмыстың жүйелі екенін айғақтайды. Ұжым ұйымшыл, білікті маман жетерлік. Әрқайсысының қиялы ұшқыр, танымы кең. Сондықтан болар, еңбегіміз көп көңілінен шығып жүр.

Бір уақытта бірнеше жоба қабылдамаймыз. Біз үшін сан емес, сапа бәрінен маңызды. Әр жобаға ынтамен кірісеміз, шығармашылық процессте өрбіген жұмыс өнімді болары белгілі. Шығармашылықты автоматтандыру қиын. Ал шабыт жаратылыс пен өмірге сүйіспеншілік сезімімен қоректенеді. Сондықтан асығып-аптығуға болмайды. Бірнеше тапсырысты қабылдап, жанталасқаннан гөрі өз ауанымен орындалған жұмыс тиянақты.

Дамудың кілті – ребрендинг

Кез келген салада жетістікке жету үшін аялдап қалуға болмайды. Қазіргі таңда студияда кәсіпті жандандыру үшін маргетингтік стратегия жүргізудеміз. Даму даңғылы қаланған соң құндылық, көзқарас, тіпті уақыт өзгереді. Тың технология, жаңашылдық та жетіп артылады. Сондықтан жұмыс форматын қайта қарастырамыз. Мұның бәрі тұтынушыға сапалы қызмет көрсетуге сеп болмақ. Келесі жылы жобамызды шетелде іске қосуды жоспарлап отырмыз. Әзірге, қалғаны құпия болсын.

Энтузиаст шедевр жасай алады

Сәулет немесе интерьер-дизайнері маманы сурет салумен шектелмейді. Оның барлық саладан хабары болу керек. Сондай-ақ шығармашылыққа жақын, үйлестіруге шебер, жаңаны құруға құмар болғаны дұрыс. Сонда таңдай қағатын шедевр жасалады. Адаммен коммуникацияда да кері кетпей, ойды бүкпеген жөн. Бұл тұтынушы, серіктес, мердігер сынды кез келген адаммен тіл табысуға ықпал етеді. Алдын ала ойлау, алға бірнеше қадам жасау, нюанстарды білу, оны сұрыптау да интерьер-дизайнерге тән қасиет. Қысқасы тиісті нәтижеге жету үшін энтузиаст болу керек.

Замира ҚОНЫСЖАН

ЖҰЛДЫЗ – ЖОРАМАЛ

(7-13 желтоқсан)

Тоқты
Еңбек нарығын талдаңыз. Бір жұмыста ұзақ уақыт жүріп, үлкен мансап мүмкіндігін жіберіп алуыңыз мүмкін. Қарым-қатынаста мейірім танытыңыз және жомарттығыңызды көрсетіңіз, бұл арақатынасты жақсартады.

Торпақ
Ақша табудың оңай жолын іздемеңіз, аптада алаяқтарға тап болу қаупі бар.

Егіз
Дәстүрлі медицина көмегімен денсаулықты қалпына келтіру қиын емес. Өзіңіз естіген тұрмыстық лайфхактардың бірнешеуін қайталап көріңіз. Олар сіздің үйдегі тірлігіңізді жеңілдете түспек.

Шаян
Орынсыз жанжал тумас үшін жұмыста барынша әдепті болыңыз. Балаларыңызға үлгерімі мен тәртібі үшін емес, еш себепсіз жақсы көретініңізді ұдайы есіне салып отырыңыз.

Арыстан
Аптада мазалаған мәселелер өткеннің еншісінде қалады. Шопинг жасаңыз, романтикалық кешкі ас ұйымдастырыңыз, сүйіктіңізді таң қалдырыңыз.

Бикеш
Отбасылық бюджетті жоспарлауға қолайлы апта. Достарыңызбен естелікке толы кеш өткізіңіз, сүйікті әуендеріңізді тыңдаңыз. Демалыс өте әсерлі өтетіні сөзсіз.

Таразы
Апта тыныш өтеді. Демалуға, денсаулығыңызды реттеуге, жаңа жетістіктерге дайындалуға мүмкіндік болады.

Сарышаян
Достарыңыздың бірінің аспаздық рецептін қолданыңыз және жақындарыңызды жаңа тағаммен таң қалдырыңыз. Жұлдыздар апта барысында отбасыға көп уақыт бөлуге кеңес береді.

Мерген
Сүйікті адам романтикаға бейім, сондықтан ашық болудан, сіз үшін өте маңызды нәрсені талқылаудан қорықпаңыз. Аптада отбасындағы кикілжіңдерді шешіп, әділ би рөлін атқаруыңыз мүмкін. Жақын адамдар арасындағы кикілжіңдерді шешудің маңызы зор.

Тауешкі
Жұмысыңызды тоқтатып, кідіріс жасаңыз. Бұл денсаулықты бірқалыпты ұстауға мүмкіндік береді. Қарым-қатынаста толассыз жұмыс жасаған тиімді. Осы жайлы жиі ойланып, жақыныңызды қуантудың тәсілдерін ойластырып жүргеніңіз абзал.

Суқұйғыш
Өзіңізге қамқорлық жасаңыз және жаңалықтарды оқудан аз уақыт болса да бас тартыңыз. Жақында ұрысып қалсаңыз да, сүйіктіңізбен татуласу үшін батылдық таныту керек. Проблемаға көміліп қалмай тұрғанда, серіктесіңізбен де ашық сөйлесіңіз.

Балық
Бұл күні ашық аспан астында спортпен айналысыңыз, бұл денсаулыққа өте пайдалы, ал кейін тіпті әдетке айналуы мүмкін.

Кезекші редактор: З.ҚОНЫСЖАН

«ЫБЫРАЙ» СТУДЕНТ БІЛІМІН ШЫҢДАЙДЫ

Үздік маман даярлау үшін оның қабілетін шыңдау қажет. Яғни студенттерге арналған бағдарламалар арқылы біліктілікті арттыруға көмектесу маңызды. Соның ішінде педагогика саласы топ бастап тұр. Ұстаздық жолын қуған мектеп түлектері жауапкершілікті ерте бастан сезіну де ерекше маңызға ие. Осы орайда болашақ мұғалімдерге арналған «Ыбырай қоғамдық қорының» көмегі зор.

Қордың басты мақсаты – үздік түлектерді педагогика саласына тарту, білімін арттыра отыра кадр тапшылығын жою. Қор «Mugalim» бағдарламасымен бірлестікте жұмыс істейді. Жоба 2017 жылдан бастап салаға ауқымды үлес қосып келеді. 200-ден астам түлек, 1000 стипендиат, 62 ЖОО-мен біріге жұмыс атқарып отырған бағдарлама бүгінде кәсіби білікті мамандар даярлауда оң жетістікке жеткен. Университетте үздік нәтиже көрсеткендерге жоғары стипендия тағайындалады. Жалпы, «Ыбырай» қорында 62 стипендиат білім алады. Олардың 55%-ы гумманитарлық бағытта оқыса, қалған 45%-ы жаратылыстану саласында біліктілігін арттыруда. Шәкіртақы көлемі 30 мың теңге, ал жоғары стипендия иегері 50 мың теңге алады.

Студенттер 4 бағыт бойынша шыңдалады. Олар – кәсіби даму, тұлғалық даму, әлеуметтік даму және тіл білімі. Пәндік білім, арнайы тесттер, онлайн семинар-тренингтер, курстар мен әлеуметтік шаралар студенттердің жан-жақты ашылуына негізделген. Сонымен қатар тілдік білімді арттыру үшін IELTS тестін тапсыруға мүмкіндік қарастырылған.

Қорға қабылдану үшін 3 кезеңнен өту қажет екен. Бірінші кезекте сайтқа өтіп, өтінім қалдыру тұр. Екіншісінде арнайы құжаттарды тапсыру керек, шешуші 3 кезеңде бағдарлама өкілдерімен сұхбаттасу бар. Негізгі басымдық соңғы кезеңге түседі, себебі студенттің амбициясы мейілінше биік болса, соғұрлым жеңімпаз атануға мүмкіндігі басым. Сонымен қатар абитуриенттің ҰБТ-дан алған баллы, әлеуметтік жағдайы, қабілеті мен жетістіктері ескеріледі. Айта кететін жайт, «Ыбырай» қорында ақылы негізде білім алу жолы қарастырылмаған. Алайда бұл шығын шығаратын студенттер үшін оңтайлы мүмкіндік.

«Үлкен өмірге қадам басқан сәт маңызды кезең болды. Таңдаған мамандығым жауапкершілікті талап етті, себебі сауатты ұрпақ тәрбиелеуде мұғалімнің орны ерекше емес пе? Өзімді тек университет білімімен шектеп қойғым келмеді. Ұстаздық ету үшін тәжірибесі мол, жаңашыл идеяларға толы әдістемемен жұмыс атқарғым келді. Болашақ физика пәнінің мұғалімімін. Ал пәнді толық меңгеру үшін тілдік тұрғыдан ағылшынды жетік білу қажет. Осы орайда мұғалімдік қабілетімді ашуға, оларды дамытуға үлес қосқан, сонымен қатар тілдік білімімді арттыруға көмегін тигізген «Ыбырай» қорына алғысым зор. Жоба арқылы өзіңді дамыта аласың, сондай-ақ бәсекеге қабілетті болып шығасың. Сарқылмас тәжірибе иесі, білікті ұстаздардың шәкірті болу мен үшін мақтаныш», – дейді қордың белсенді студенті Шыңғыс Қазбек.

Аталған қор дәстүрлі түрде байқаулар өткізіп, спорттық шараларды ұйымдастыруда да алда. «Желмен бірге» жайдарман құрамасы шәкірттерге көтеріңкі көңіл күй сыйлауды мақсат тұтады. Жақында олар жылдық есеп беру концертін де өткізіп, үздік студенттерге бағалы сыйлықтар табыстады. Қазір қордың түлектері 125 High School, Dostyq School, Zerek Intellectual School мектептерінде қызмет етіп, тәжірибе толықтыруда. Сондай-ақ олар қордың арқасында шетелде оқуға мүмкіндік алып, Еуропаның беткеұстар университеттерінде магистрант атанды.

Атап айтсақ, Ақерке Ақберген Ұлыбританиядағы University of Sussex-те, Жанбота Байділда АҚШ-тағы University of South Florida-да тәжірибе жинауда. Олар жуық арада жиған білімін ел пайдасына жаратуға асық.

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 6931
Тапсырыс: 1938